

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 33 (9610)

1955 жылғы

16 февраль Сәрсенбі

Шығуына 35 жыл.  
жеке саны 20 тыйын.

## Сайлауға ұйымдастыру-техникалық жағынан мұқият әзірленейік

Бүкіл еліміздегі сыяқты облыс еңбекшілері бүкілхалықтық мереке — сайлау күніне қызу әзірленуде. Олар бұл мерекеге өткізеші, транспортты, құрылыс жұмыстарын, ауыл шаруашылығын оған әрі өркештеуде жаңа табыстармен келік. Кәсіпорындары жұмысшылары мен қызметшілерінің, колхозшы шаруалардың, МТС, совхоз қызметкерлерінің көзін қажырлы еңбектері, міне осы мақсатқа арналған. Сайлаушылар, жұмысшылар мен колхозшы шаруалар интеллигенттер, сайлау правасы бар барлық азаматтар мен азаматшалар үстеміздегі жылы 6 марг күні сайлау урналарына тегіс келтіп, коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары үшін, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің дәншінадық саясаты үшін, Отанмыздың онал әрі гүлдене беруі үшін, еңбекшілердің материалдық және мәдени-тұрмысының жақсара беруі үшін, дүние жүзіндегі баянды бейбітшілік үшін дауыс береді.

Зет адамдарының бұл ізгі мақсаты сайлау науқанына партия, совет, кәсіп-олақ, комсомол ұйымдарының, сайлау комиссияларының сайлау науқанына жаңа жаңа тыңғылықты әзірленуін талап етеді. Сондықтан барлық жерлерде, әсіресе алыстағы мал фермалары мен егіс бригадаларында сайлау алдындағы саяси үгітті, оның көзінгі өзекті мәселесі коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарын жақтаған үгітті барынша кең және мағұнды ұйымдастыру қажет. Сайлау алдындағы саяси үгіт еңбекшілерге коммунистер мен партияда жоқтар блогінің ұлы күшін, СОБН Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысы мен ССРО Жоғарғы Советі екінші сессиясының материалдарын кеңінен түсіндіруге, бұқараны өндірістік жаңа табыстарға жұмылдыруға тиіс.

Сонымен қатар сайлауға ұйымдастыру техникалық жағынан толық әзірленетін уақыт жетті. Сайлаушылардың сайлау правоарын жүзеге асыруы, сайлау науқанының ойдағыдай өтуі бұл әзірлікке тікелей байланысты. Облыстың партия, совет ұйымдары, сайлау комиссиялары бірқатар шараларды жүзеге асырды. Сайлау науқанындағы негізгі документ — сайлаушылардың тізімдері кезінде жасалып, жалпының байқауына ілінді. Көзін сайлаушылардың өздерінің анықтауы арқылы ол тізімдердің дұрыстығы тексері-

бойынша сайлаушы дауыс беру үшін участөгін сайлау комиссияларының мүшелеріне паспорттың, колхозға мүшелік кітапшасын, немесе басқа бір куәлігін ұсынады. Осыны еске алып, еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің атқомдері, колхоз басқармалары және басқа ұйымдар әрбір сайлаушының жеке басын анықтайтын куәлігі болуын қамтамасыз ету керек. Сондықтан бұл жұмысты күнбұрын қолға алу қажет.

Сайлаушылардың тізіміне байланысты тағы бір ескеретін мәселе сол, елді пункттен ұзақ сапарға шығатын сайлаушылар болады. Сондай-ақ тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты облысымыздың селолық жерлеріне көптеген адамдар келуде. Еңбекшілер депутаттары Советінің тиісті атқару комитеті ұзақ сапарға шығатын сайлаушыларға Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы белгілеген үлгі бойынша, «Дауыс беру правасы куәлігін» беріп, бұл жөнінде сайлаушылардың тізіміне белгі соғуға міндетті. «Дауыс беру правасы куәлігінен» шеттен келген адамдарды участөгтік сайлау комиссиясы сайлаушылардың тізіміне алады. Бұл жұмысты ойдағыдай ұйымдастыру үшін сайлаушылармен үнемі байланыс жасап, әрбір елді пункттен жоғары шығатын адамдарды, шеттен келген адамдарды үнемі біліп отыру қажет.

Сайлау науқанына әзірлікте кезек куттірмейтін мәселелердің бірі сайлау участоктерін не қажеттің бәрмен толық жабдықтау болып табылады. Участоктің үйлерін мереке түріне өндіріп, ұрандар мен, плакаттармен, партия мен үкмет басшыларының портреттерімен безендіру қажет. Көзін сайлау участоктерінде дауыс беретін кабинеттер жасау үшін қажетті материалдар, урналар, сайлау документтері толық болуға тиіс. Содай бола тұрса да, кейбір жерлерде сайлау участоктерін жабдықтау үшін қажетті материалдар кезінде жеткізілмей отыр. Облыстық тұтынушылар одағы сайлау участөгіне қажетті қызыл маталарды, түрлі плакаттарды, керосин мен шамдарды аудан орталығына жіберумен ғана қанағаттанып, бұл материалдардың аудандық базаларда жатып қалуына қынжылатын емес. Сауда ұйымдары сайлау участоктеріне қажетті материалдардың жергілікті жерлерге дереу жеткізіліп сатылуына жауапты екенін естен шығармаулары керек.

Бірауыздан қуаттады. Бейбітшілік саясатын жақтауымыз (1-бет).

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ: Н. Бейшеніс — Совхоз кадрлары дұрыс іріктеліп, Ж. Тәшенев, Н. Тілеубердин — Ұйым жұмысы нашар (2-бет).

ҮГІТШІЛЕР МЕН НАСИХАТШЫЛАРҒА ҚОМЕБ. И. Митрофанов — Біздің елімізде мәдениет құрылысы саласындағы табыстар (2-бет).

САЙЛАУ АЛДЫНДАРЫ ҮГІТ ЖҰМЫСЫН ӨРІСТЕТЕ ТҮСІНІК: И. Өскенбаев. — Үгітші мұралымдар. Ш. Нұрғожин — Оз ісіне ұқыпты үгітші (2-бет).

ОБЛЫС ЖАСТАРЫ ЯНВАРЬ ПЛЕНУМЫ ҚАУЛЫСЫН ҚЫЗУ

ҚАТТАП, ЖҮЗЕТЕ АСЫРУ КҮРЕСІНЕ БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСУДА: И. Белетченко — Жастардың орны — фермада. М. Киреев — Колхоз жастары мал шаруашылығын өркендету күресінде, Е. Көкішев — Жастардың белсенділігі. Е. Бейсенбаев — Малды қыстан қолды шығарамыз. В. Басымса — Мал өсірушілер арасындағы мәдени ағарту жұмысы.

ҚАМЫС — ӨРІ АРЗАН, ӨРІ ТИМДІ ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛЫ: Н. Мишин, — Құрылысқа қамысты көп дайындауда. (3-бет).

Ж. Мусин. — «Алалыққа сын» (4-бет). А. Жуновский, И. Густов. — «Комсомолка» тігін фабрикасының жұмысын шұғыл жақсарту керек (4-бет). Шетелдерде (4-бет).

## Қытай Халық Республикасының Председателі МАО ЦЗЭ-ДУН жолдасқа Халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысы Тұрақты комитетінің Председателі ЛЮ ШАО-ЦИ жолдасқа Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік советінің премьері және Сыртқы Істер Министрі ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАЙ жолдасқа

### ПЕКИН

Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы достық, одақ және өзара көмек туралы Договорға қол қойылуының бесжылдығына байланысты, қымбатты жолдастар, Сіздерге және Сіздер арқылы ұлы қытай халқы мен Қытай Халық Республикасының Орталық Халық Үкметіне шын жүректен құттықтаған сәлемдерімізді жолдаймыз.

Договорға қол қойылғаннан бергі өткен бес жыл Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының арасында тең праволылық, ұлттық мүдделерді өзара құрметтеу және бір-біріне жан-жақты көмек көрсетіп, жәрдемдесуге ұмтылу принциптеріне негізделген туысқандық достық пен жан-жақты ынтымақтың ұдайы өркендеп, нығайып отырғанын дәлелдейді.

Күннен-күнге нығая түскен совет-қытай достығы және олардың өзара туысқандық көмегі біздің елдеріміздің халықтарының экономикасын өркендету және әл-ауқатын оған әрі арттыру ісінде аса көрнекті роль атқарып келеді.

ССРО мен Қытай халықтарының мызғымас достығының, олардың

бейбітшілік пен хауіпсіздік жолындағы бірлескен күресінің бүгін таңда, агрессияшыл топтар халықаралық жағдайды шиеленістіруге, әсіресе Қыйыр Шығыстағы жағдайды шиеленістіруге тырысып отырған кезде, бірінші дәрежелі маңызы болып отыр. Бұл достық біздің халықтарымыздың бейбіт еңбегін сенімді түрде қорғап келеді, ол бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік пен хауіпсіздіктің тірегі болып табылады.

Сіздердің және бүкіл-қытай халқының жаңа, халықтық-демократиялық мемлекет орнатып, оны нығайтуға, бұдан былай да табыстарға жете берулеріңізді тілейміз.

Бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздіктің сенімді тірегі болып табылатын ССРО мен Қытайдың достығы және ынтымағы нығайып, өркендей берсін!

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі

К. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Министрлер Советінің Председателі

Н. БУЛГАНИН.

ССРО Сыртқы Істер Министрі

В. МОЛОТОВ.

Москва. 13 февраль 1955 жыл.

### Советтік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Советі Президиумының Председателі

## К. Е. ВОРОШИЛОВ жолдасқа

### Советтік Социалистік Республикалар Одағы Министрлер Советінің Председателі

## Н. А. БУЛГАНИН жолдасқа

### Советтік Социалистік Республикалар Одағының Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және Сыртқы Істер Министрі

## В. М. МОЛОТОВ жолдасқа

қоғамдық таңдаулы үйлер бөлініп, олар отынмен, жарықпен, сайлау науқанына байланысты саяси әдебиеттермен, көрнекі үгітпен жабықталды. Бірақ, мұның бәрінен сайлауға ұйымдастыру-техникалық жағынан әзірлікте кемшіліктер жоқ деген ұғым тіпті де тұмайды. Жекелеген партия, совет ұйымдарының басшылары түрлі бөнде себептерді бетке ұстап, сайлау науқанына әзірлікте кейбір маңызды мәселелерді жүзеге асыруды кешіктіріп отыр. Мәселен, қалада бірқатар сайлау учаскторінде сайлаушылардың ғізім халық соттарының сайлауы кезіндегі мөлдеттер бойынша жазалып, формальді түрде жалпылық байқауына ілінген. Мұндай факті № 28 сайлау учаскторінен көрсетеді. Үлестікке қарасты Ленин көшесіндегі кейбір үйлерде Советтердің сайлауына әзірлік басталғалы қалалық Совет атыменінен немесе сайлау комиссияларының мүшелерінен ешкім болмаған.

Еңбекшілер депутаттарының қалалық, ауылдық, селолық, поселкелік Советтерінің атқарушы дауыс беру правосы бар барлық азаматтар мен азаматшылардың тізімге толық жазылуын, сайлаушылардың фамилиясы, өз аты, әкесінің аты жасы дұрыс болуын, тізімнің алфавит ретімен жасалуын қамтамасыз етуге тиіс. Тізімнің дұрыстығын сайлаушылардың өздері тексеру арқылы анықтау қажет. Сайлау тізіміндегі терістіктер туралы мәселе жөнінде еңбекшілер депутаттары Советінің атқару комитеттерінде, халық соттарында қысқа мерзімде, дереу шешілетін болсын.

Советтердің сайлауы туралы Ереже

## Елімізде мал шаруашылығы өнімдерінің молшылығы жасалсын

**АҚМОЛА. (ҚазТАГ.)** Балқашино асылм 716 грамм болды. Мал шаруашылығы тұқымдық мал совхозы тіпті жуырда ғана тек етті мал өсіретін шаруашылық еді. Ауыл шаруашылығын оған әрі өркендетудің партиямыз жасап берген жауынгерлік программасы балқашинолықтарға мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыруға жаңа қорларын іске қосуға көмектесті. Елімізде тек жоғары сапалы ет қана емес, сонымен бірге сүт өнімін молынан беру үшін малшылар көп еңбек сіңірді.

Өткен жылы балқашинолықтар асыл тұқымды 400 сыйырды сүттейтуге қойды. Кейбір мал өсірушілер бұл ет өнімінің сапасы төмендеуіне әсер етуі мүмкін, төлді емізіп асырағанда ғана жақсы тұқымдық төл және етті мал өсіруге болады делді.

Жаңа істі бастаушыларға зор табындылықпен жұмыс істеуге тура келді. Сауыншылардың табандылығы мен ұқыптылығы нәтижесінде сүт алу күннен-күнге көбейді. Озат сауыншылар Анна Кисель мен Елизавета Иванова жеке сыйырлардан маусымда 3.000 литрге дейін сүт алды. Сүтті қолдан беру бұзауларға әсер еткен жоқ. Мысалы, январьда алты айға дейінгі бұзаулар салмағының орта төуіліктік өсі-

Сайлау науқанында байланыс құрадыры зор роль атқаратыны мәлім. Байланыс ұйымдары бұл жөнінде бірқатар жұмыс істеді. Осының нәтижесінде 331 сайлау учаскторіне телефон, радио орнатылды. Телефондар мен радионың дұрыс жұмыс істеуі үшін байланыс қызметкерлерінен арнаулы кезекшілер қойылды. Солай бола тұрса да, байланыс ұйымдарының әлі де болса 40 шақты сайлау учаскторіне телефон және радио орнатуды кешіктіріп отырғанын айтып кетуге болмайды. Бұл олқылықты дереу жою байланыс қызметкерлерінің қасиетті бөрышы болып табылады. Сайлауға әзірлік және оны өткізу кезінде байланыс жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыру тек байланыс қызметкерлеріне ғана тән емес, колхоз, совхоз, МТС басшылары да белсене қатысуға тиіс. Козлово ауданындағы «Жаңа тұрмыс», Молотов атындағы, Преснов ауданындағы Аманкелді атындағы колхоздардың басшыларының хат хабар тасу үшін транспорт бөлмеуіне тіпті де төзуге болмайды. Барлық жерде байланыс жұмыстарын барынша жақсарту керек.

Партия, совет ұйымдары, сайлау комиссиялары сайлауға ұйымдастыру-техникалық жағынан әзірліктің барысын үнемі тексеріп, кездескен кемшіліктерді жою жөнінде қажетті шаралар қолдануы керек. Сайлау науқанының мүддесі осыны талап етеді, ол жұмыстағы жайбаракаттыққа, формальдылыққа төзбейді.

Советтердің алдағы сайлауына тығызлықты әзірленіп, советтік социалистік демократияның мызғымас күшін салтанат етейік!

Қытай мен Совет Одағы арасындағы достық, одақ және өзара көмек туралы Договорға қол қойылуының бесжылдығына байланысты, қытай халқы мен Қытай Халық Республикасының Үкметі атынан біздің Сіздерге және Сіздер арқылы ұлы совет халқы мен Совет Үкметіне жалынды сәлем айтуымызға рұқсат етіңіздер.

Өткен бес жылдың ішінде Қытай мен Совет Одағы арасында жан-жақты саяси, экономикалық және мәдени ынтымақ кеңінен өркендей түсті. Совет Үкметі мен совет халқы кәзіргі уақытта социалистік құрылыспен шұғылданып отырған қытай халқына үнемі жан-жақты және терең ойластырылған көмек көрсетіп келеді. Совет үкметі 156 ірі өнеркәсіп орындарын салуға және қайта құруға Қытайға көмек көрсетіп, Қытайдағы құрылысқа жәрдемдесу үшін таңдаулы мамандардың үлкен топтарын жіберуде. Ол Қытайға жеңілдік шарттар мен сан рет несие беріп келді, Қытай мен Совет Одағы бұрын бірлесіп басқарған Қытайдың Чанчунь темір жолының мүлкін, сонымен қатар 1945 жылы Солтүстік-Шығыс Қытайда совет ұйымдары жапон жеке меншіктерінен сатып алған мүлкті де Қытайға тегін берді, қытай -совет аралас қоғамдарына қатысудың советтік үлесін оның құнын төлеу шартымен берді, сонымен бірге Қытай мен Совет Одағы бірлесіп пайдаланып отырған Порт-Артур соғыс-теңіз базасын және бұл аудандағы құрылыстарды Қытайдың қарамағына толығымен беруге ұйғарды, ал жуырда атом қуатын бейбіт мақсаттар үшін пайдалану жөніндегі зерттеулерді дамыту ісінде Қытайға ғылыми-техникалық және өндірістік көмек көрсету туралы ұсыныс жасады.

Мұндай достық ынтымақ және шын пейілді көмек біздің елімізде құрылысты өркендету ісін едәуір дәрежеге ілгері бастырды, сөйтіп, жаңа типтегі мұндай халықаралық қатынастардың өмірлік ұлы күшін бүкіл дүние жүзіне көрсетіп берді. Қытай Халық Республикасының Үкметі мен қытай халқы бұл туысқан көмектің шексіз бағалы екенін терең түсініп отыр. Қытай Халық Республикасының Үкметі мен қытай халқының атынан біз Совет Үкметі мен совет халқына олардың ұлы көмегі үшін шын жүректен алғыс айтамыз.

Қытай мен Совет Одағы арасында достық одақтың нығаюы және дамуы біздің екі еліміздің хауіпсіздігін қамтамасыз етуге және Қытай Шығыс пен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтауға өлшеусіз ықпал жасап отыр. Қытай мен Совет Одағының бейбітшілік саясаты Кореяда уақытша бітімді жүзеге асыруға және Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіруге көмектесіп, атсалысты, мұның өзі халықаралық шиеленісті белгілі дәрежеде бәсеңдетуге жеткізіп, барлық бейбітшіл елдер мен халықтардың рухын көтерді. Қытай халқы Совет Одағының, Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру жолындағы, Батыс Германияны милитарландыруға қарсы күресін қызу қолдап отыр. Қытай мен Совет Одағы Жапониямен бірқалыпты қатынастар орнатуды,

## Бірауыздан қуатпады

Советтік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Советінің екінші сессиясының қорытындысына арналған мөталд өңдеу завоының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерінің және қызметшілерінің митингісі өткізілді. Мінбеде Морозов жолдас.

—Біз, совет халқы, Коммунистік партияның данышпандықпен басшылық етуінің нәтижесінде халық шаруашылығын үздіксіз дамытып келеміз. Сессия бұл шаруашылықтың ішінде ауыр өндірісті де өркендету беруге ерекше көңіл бөлді. Мұны сессияның 1955 жылға бекіткен Бюджеті бойынша ауыр өндіріске 101 миллиард сомнан артық қаржы бөліп отырғандығынан да айқын көруге болады.

Біз бейбітшілік елінің адамдарымыз, соғысқа қарсымыз. Соғыс еркін тұтатушылар еліміздің бостандығына, халқымыздың бақытты өміріне қол сұға қалса,

оларға өткен уақыттағылардан анағұрлым өлтіре соққы беруге қай уақытта болса да дайынбыз.

—Біз жұмысшы табы, —дейді пех бастығы Шевелев жолдас, — ССРО Жоғарғы Советі сессиясының қарарын қызу қуаттаймыз. Өйткені Коммунистік партия, Совет Үкметі қандай жағдайда болса да, совет халқы үшін жұмыс істейді. Сондықтан біз СОКП Орталық Комитетінің төңірегінде бұрынғыдан да тығыз топтасып, партиямыз бен үкметіміздің саясатын жақтап, социалистік Отанымыздың қуатын арттыра беру үшін күресеміз.

Митингі біткеннен кейін қаулы алынды. Онда: «Біз коммунистік партияның, Совет Үкметінің ішкі және сыртқы саясатын толық мақұлдап, оны жақтаймыз. Заводта өндіріс жоспарын мерзімнен бұрын орындау үшін аянбай қызмет етің, социалистік жарысты өрістетің береміз.

жапон халқының тәуелсіз өркендеу және халықаралық саяси жолымен алға басуында оны белсене қолдауды тілеп отыр. Қытай мен Совет Одағы арасындағы шын пейілді ынтымақ Қытай мен Совет Одағы халықтарының мүдделеріне ғана емес, сонымен бірге Азияның, Европаның және бүкіл дүние жүзінің барлық бейбітшіл елдері мен халықтарының мүдделеріне де сай келеді. Бұл ынтымақ Қытай Шығыста және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтаудың сенімді кепілі болып табылады.

Құрама Штаттардың агрессияшыл топтары және олардың із басарлары барлық жерде де соғыс саясатын жүргізіп, халықаралық шиеленіс тудыруда. Құрама Штаттардың кәзір Тайвань ауданында жасап отырған Қытайға қарсы агрессиялық әрекеттері мен соғысқа арандату әрекеттері Қытайдың хауіпсіздігіне төнген елеулі қатер болып табылады, мұның өзі бүкіл дүние жүзінде бейбітшіл елдері мен халықтары тарапынан әділ айыпталып отыр.

Қытай халқының өз территориясын —Тайваньды азат ету жолындағы күресі әділетті күрес болып табылады. Әділетті іске ешқандай күш бөгет бола алмайды. Қытай мен Совет Одағы арасындағы достық одақтың жаңа халықаралық шиеленіс жағдайында агрессияға қарсыласу және бейбітшілікті сақтау ісінде барған сайын зор, маңызды роль атқара беретіні даусыз.

Қытай мен Совет Одағы арасындағы достық, одақ және өзара көмек туралы Договор —бұл бейбітшіліктің ұлы Договоры, Қытай мен Совет Одағы арасындағы ұлы достықтың бейнесі. Соңғы бес жылдағы оқыйғалар бұл Договордың бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік және адамзаттың прогресі ісіне көмектесу жөнінде ұлы роль атқарғанын көрсетті. Бұл Договордың орасан зор күші мен өшпес жарық сәулесін өмір мен практика бұдан былай да бұрынғыдан анағұрлым айқын көрсететін болады.

Қытай мен Совет Одағы халықтарының жалпы көркеюі және Қытай Шығыс пен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайту мүдделері үшін Қытай мен Совет Одағы арасындағы ұлы достық күннен-күнге өркендей берсін.

Қытай мен Совет Одағы халықтарының мызғымас берік, мәңгілік достығы жасасын!

Қытай Халық Республикасының Председателі МАО ЦЗЭ-ДУН.

Халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысы Тұрақты комитетінің Председателі ЛЮ ШАО-ЦИ.

Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік советінің премьері және Сыртқы Істер Министрі ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАЙ.

Пекин, 12 февраль, 1955 жыл.

## Бейбітшілік саясатын жақпаймыз

Советтер Одағының батыры Сербулов жолдас, сауда қызметкерлерінің, ССРО Жоғарғы Советінің екінші сессиясының қорытындысына арналған митингісінде сөз сөйледі.

—Біздің туысқан Коммунистік партия,—дейді ол,—бейбітшілік және достық саясатын жақтайды. Совет өкметі бейбітшілік пен жалпыра бірдей хауіпсіздікті нығайту саясатын бұдан былай да жүзеге асыра береді. Бұл саясатты Совет халқы жақтап, шаруашылықтың барлық салаларында Ұлы Отанын экономикасын, күш-қуатын нығайту жолында бар жігер күшін салып, аянбай қызмет атқаруды. Кәзіргі күні біздің өндірісіміз көпшілік қолды товарларды жеткілікті түрде өндіреді. Сауда қызметкерлерінің міндеті советтік сауда принципін бұзбамай, жұртшылықты күнбе-күн керекті товар жөніндегі талабын орындау.

Шетелдердің капиталистері, совет халқының табыстарын және оның алдына қойып отырған мақсаттарын көре алмай, оны жолды көкпен, үшінші дүние жүзілік соғысқа дайындық жүргізуде. Оған біздің жауабымыз: бейбітшілік жолында еңбек ету, халқымыз үшін қызмет істеу, СОКП Орталық Комитетінің төңірегінде топтала түсіп, еліміздің байлығы оған әрі күшейту. Ал, елімізге қол сұғушылар бола қалса оларға өлтіре соққы беруге әзірміз.

Бұдан кейін Маматов, Туленова тағы басқа жолдастар сөз сөйледі. Сауда қызметкерлері өздерінің қабылдаған қаулысында партия мен үкметіміздің саясатын қуаттап, халқымыздың тілегіне сай советтік сауданы жақсарту беру жөнінде көтерілген міндеттемелер алды.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Совхоз кадрлары дұрыс іріктелсін

Соңғы жылдары совхоз кадрлары құрамында зор өзгерістер болды. Тын және тынайған жерлері игерумен байланысты облысымызда күштеген жаңа совхозлар ұйымдастырылып, оларға партияның шақыруымен 17 совхоз директоры, 41 агроном, 47 механизатор инженер-техниктері, 32 құрылыс инженер-техниктері, 912 тракторшы, 108 комбайншы және 338 шәфер келді. Соңғы жылдары совхоздардың башы қызметтерінде істейтін 86 адам арнаулы курстар мен мектептерді бітірді.

Басшы қызметкерлердің өз білімдерін көтерудері де жақсарды. Бұдан бір жыл бұрын жоғары білімі бар совхоз директорлары 31,6 процент ғана болса, өзін 60 проценттен асып отыр. Ал жоғары дәрежелі білімі бар бас агрономдар мен инженер-техниктер 67,6 процентке жетті. Совхозтардың басшы қызметкерлері мен мамандарының ішінде практикалық жұмыстың үлкен мектебінен өткен, қыпшылықтарды жеті жолындағы жүресте шыныққан көптеген қабілетті ұйымдастырушылар бар. Мұндай кадрлар совхоздардың басшы қызметкерлерінің 46 проценті болып отыр.

Сонымен бірге өткен жылы оқу орындарын бітірген жас мамандар басшы қызметке батыл жоғарылатылды. Олар өздеріне тапсырылған жұмысты аброймен атқарып жүр. Совхоздардың басшы қызметінде істегеніне бір жыл болған жас мамандар 31 процент, бір жылдан үш жылға дейінгілер 23 процент. Бұл цифрлардың өзін басшы кадрлардың көпшілігі жас, тәжірибесі кем адамдар екенін көрсетеді. Сондықтан да жас кадрларды тәрбиелеу совхоз бастауыш партия ұйымдары мен аудандық партия комитеттерінің естен шығармайтын, оларға үнемі назар аударып отыратын негізгі мәселе болуы керек.

Совхоздардың бастауыш партия ұйымдары кадрларды іріктеп алу және тәрбиелеу мәселесіне көп көңіл бөліп келеді. Олардың маркстік-лениндік теорияны меңгеруіне қамқорлық жасайтын. Мамандықтарын арттыруға көмектесіп, творчестволық белсенділіктерін қолдайтын. Осының нәтижесінде совхоз кадрлары еңбек майданында асқан белсенділік көрсетуде. Мұны мына фактілер айқын көрсетеді. Облыс совхозтары тын және тынайған жерлерді игерудің мемлекеттік жоспарын 102 процент орындап, өткен жылы 360 мың гектар тың жер көтерді. Тын және тынайған жерлерді игеруіне, әсіресе Булаев, Жданов атындағы, Маленков атындағы совхоздар ерекше көзге түсті. Совхоздар мал шаруашылығын өркендетуде де елеулі табыстарға ие болды. Қоғамдық мәдени басын малайтып, оның өнімділігін арттырды. Осының негізінде мемлекетке ет тапсыру жоспары 54 процент, сүт тапсыру жоспары 30 процент, ал

жүн өткізу жоспары 40 процент артығымен орындалды.

Әсіресе, өндіріс жаңашылдары зор жетістіктерге жетті. Булаев совхозындағы Косинов жолдас басқаратын трактор бригадасының механизаторлары әрбір 15 аттық күші бар трактормен (шартты жер жырту есебімен) 1146 гектар жер жұмыстады. Осы бригаданың механизаторлары Т. Бондарь және П. Маковей жолдастар «С—80» тракторымен (жұмысқа жерге шамадан) 4925 гектар жер жыртты. Мамлют тұқымық мал совхозының сауыншысы Мария Ивановна Дик әр сауын сыйырдан 4906 литр сүт сауды. Совет совхозының шопаны З. Зауров жолдас әрбір қойдан 5,2 килограмм жүн қырдықты. Мұндай мысалдарды облыс совхоздарынан көптеп келтіруге болады.

Совхоздардың біразтары өзтемгі егіске ойдайдай әзірленуде. Оған мысал ретінде Маленков атындағы совхозды алуға болады. Мұнда тракторларды жөндеу жұмысы толық аяқталды. Ауылшаруашылық тіркеу құрал-саймандарын жөндеу жұмысы да бітуге таялып келеді. Жанар майлар тасып жеткізілуде. Себілетін тұқымның 60 проценті совхоз қоймасына жеткізілді. Көктем егісінің жұмыс жоспары жасалды.

Алайда кейбір совхоздардағы кадрларды іріктеп алу және тәрбиелеу жұмыстарындағы орын алған кемшіліктерді атап өтпеуге болмайды. Мәселе мынада болып отыр: кейбір совхоздардың бастауыш партия ұйымдары мен совхоз директорлары маман кадрларды басшылық қызметтерге жоғарылатуда ересек қателіктерге жол беріп келеді. Кадрлардың біліміне, тәжірибесіне, ұйымдастырушылық қабілетіне қарамастан жауапты участоктерге орналастырып келеді. Бұл жағдайдың болу себебі бастауыш партия ұйымдары мен совхоз директорлары өз кадрларын жеті білмейді. Тек соңғы жылдың өзінде ғана совхоз кадрларының 17 проценті бір жұмыстан екінші жұмысқа орынсыз ауыстырылды. Мәселен Узынкөл совхозының басшылары Клевун дегенді іскерлік қабілетімен санаспай, бөлімше меңгеруші етіп тағайындаған. Сондықтан Клевун тапсырылған жұмыстың дәрежесінде бола алмады.

Совхоздар тресі де кадрларды іріктеу, оларды тәрбиелеу жұмыстарына селсөк қарайды. Ол бір жұмысты атқара алмаған адамды екінші жауапты жұмыстарға ауыстырып, қателік істейді. Пікірмізді дәлелдеу үшін мынадай мысал келтірейік: Тасболатов деген бұрын басшы қызметте болып сотталған адам, сот жазасын өтеп келісімен ол Узынкөл совхозының зоотехнигі болып тағайындалды. Екі-үш айлан кейін трес басшылары оны орынсыз көтермелеп, бас зоотехник етіп жоғарылатқан. Аз уақыттың ішінде Тасболатов жұмысты атқарып, қайыра сотталды. Мәсқүнемдікте салынғандықтан қызметтен босатылған

бұрынғы аудандық партия комитетінің секретарьлары Кийко мен Иванов жолдастардың бірі совхоз директорының орынбасары, екіншісі ферма меңгерушісі қызметіне орналастырылған.

Кейбір бастауыш партия ұйымдары мен совхоз директорларында кездесетін басты кемшіліктердің бірі, қызметкерлердің іскерлік сапасын жете білмейді. Жас кадрларға жұмысқа жоғарылатылғанына көңіл бөлінеді де, мұнан кейін олар ұмыт қалады. Шынына келгенде осы жағдайдың өзі жалпы дағдыға айналып барады. Кадрлардың өсуіне, олардың жұмысты меңгеріп кетуіне бұл жағдайдың өзі елеуір нұқсан келтіреді.

Кәзіргі жағдай шаруашылықтың барлық салаларында жақсы мамандардың қызмет етулерін талап етеді. Ал совхоздардағы бастауыш партия ұйымдары мен совхоз директорлары ферма және бөлімше меңгерушілеріне өте аз көңіл бөледі. Әсіресе бөлімшелерде істейтін кадрлардың жұмысы бегімен жіберіледі. Барлық совхоздардағы басшы қызметкерлердің 73 проценті жоғары және орта дәрежелі білімдері бар. Олардың ішінде бөлімше меңгерушілері болып істейтіндердің 20 процентінде ғана арнаулы жоғары және орта білімі бар.

Аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары көп жылдық тәжірибесі бар мамандардың өз жұмысына селсөк, нежұрайды қараушылығына жол бермей, олардың жұмысқа деген жауапкершілігін арттыра білу керек. Ал шаруашылық жұмыстарға селсөк қарайтын мұндай басшы кадрлар жоқ емес. Мысалы Қызыл астық совхозының директоры Солонин, осы совхоздың бас агрономы Пнеклин жолдастарды айтуға болады. Бұл жолдастар СОКП Орталық Комитетінің ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жөніндегі директиваларын, совхоздың рентабельді шаруашылыққа айналуын өз жүзінде жазсы айтқанмен, іс жүзінде алға тұрған міндеттерді орындай алмай келеді.

Совхозда мәдени дақылдардың өнімі жылдан жылға төмендеуде. Құтамық малға тұрақты жемішті әзірленбеген. Малдан алынатын өнім мөлшері де өте аз. Облыс совхоздарының ішіндегі көп шығынға жол беріп отырған шаруашылықтың бірі болып отыр. Тек өткен жылдың өзінде ғана осы Қызыл астық совхозы мемлекетке миллион сомнан астам зиян келтірді. Бұған тек совхоз директоры мен бас агрономы ғана кінәлі емес, сонымен бірге бастауыш партия ұйымы да жауапты деп білу керек. Совхоздар тресі мұндай ірі кемшіліктерді тез жойып, кадрларды іріктеп алу және оларды тәрбиелеу мәселесіне көп көңіл бөлулері тиіс.

Н. БОЙЧЕНКО,

ҚКП облыстық комитетінің совхоздар бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

Сайлау алдындағы үгіт жұмысын өрістетете түсейік!

Үгіт бригадасы мал базасында

Совет ауданындағы «Аралағаш» ауылшаруашылық артелиінде Советтердің сайлауы алдындағы үгіт-буқаралық жұмыс көп өріс алды. Колхоз орталымынан бригадалардағы, мал базаларындағы колхозшыларды қамту мақсатымен үгіт бригадасы ұйымдастырылған болатын. Жақында осы бригада колхоз орталығынан 12 километр жердегі «Ұшқызыл» пунктіндегі мал базасына барып қайтты.

Мұнда сайлаушы малшылар үшін Ө. Әбішевтың «Буркенің құлауы» атты пьесасы қойылды және концерт берілді. Бригада мүшесі, үгітші Смағұлов жолдас «Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстары колхоздарының, МТС-тері мен совхоздарының 1955 жылға жасасқан өзара социалистік жарыс шарты туралы» баяндама жасалды. Оқытушы Рабдоллин жолдас халықаралық жағдай жөнінде әңгіме өткізді.

Үгіт бригадасының мүшелері мал қораларында да болды. Мұнда мал фельдшері Ыбраев жолдас «Бруцеллез ауруы және оған қарсы күрес» деген тақырыпта мал өсірушілермен әңгіме өткізді. Мал қораларының қабырғаларына ұрандар мен плакаттар ілінді, қабырға газеті, сол күнгі жұмыстың нәтижелері жөнінде жауынгерлік листок шығарылды.

Сайлаушы-малшылар үгіт бригадасының мұндай қамқорлығына ризалық білдірді.

Д. ҚАБЫКЕЕВ.

Өз ісіне ұқыпты үгітші

Комсомолец Назен Жаменов Ленин ауданындағы «Орталық» колхозының №2 бригадасына үгітші болып тағайындалғанды. Кәзір ол колхозшылар арасында жиі болып, оларға журналдар мен газеттерден соңғы жаңалықтарды оқып береді. Жас үгітші сайлаушыларға СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қаулысын, СССР Жоғарғы Советі екінші сессиясының қарарларын түсіндіреді. Бұл дәкументтер сайлаушылардың өндірістік белсенділігін арттыруда.

Үгітші еліміздің ішінде болып жатқан жаңалықтарды да колхозшыларға жеткізіп отырады. Ол Коммунистік партия мен Совет үкметінің еңбекшілердің мәдени және материалдық ал-ауқат дәрежесін жақсартуға беру жөнінде жасап отырған қамқорлығын жергілікті фактілермен байланыстырады.

Комсомолец Назен Жаменов колхозшыларға көркем шығармадан үзінді оқып беруді бір жолы іскерлікпен ұсынды.



Булаев ауданы, «Коминтерн» колхозы партия ұйымының секретары Аким Артемович Горбылев үгітшілермен үнемі жұмыс жүргізіп отырады. Суретте: А. Горбылев онуылқтерге шығар алдында үгітшілермен СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулылары туралы әңгіме өткізіп отыр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

ҮГІТШІ МҰҒАЛІМДЕР

—Біз екі коллективке де бірдей мүшеміз! —деп қалжыңтасапы біздің колхоздың үгітші-мұғалімдері. Қалжың араластыра айтқанмен, бұдан олардың заңды мақтанып сезімдері де көрініп тұрады.

Шынында да, біздің өміріміз —коллективпен біте қайнаған өмір емес пе? Қайда барсаң да коллектив: семья да, мектебің де, колхозың да... тіпті бүкіл Отаның да —тұтас бір коллектив қой! Міне, осыдан келіп, мұғалімдер «қалжыңның» салыстырмалы ұғым болғанымен, зор шыңдық екені, біздің өміріміздің бүгінгі, ертеңгі шындығы екені тумамай ма!...

Мұғалімдер коллективінің көптеген мүшелері, тіпті бәрі дәрік үгітшілік жұмыс атқарады. Бұлардың ішінде көп жылдық тәжірибеде төселіп-ақ қалған Әсет Ыбраев сыяқты сақа үгітші де, жоғары оқу орнын өткен жылы бітіріп келіп, жас ұрпақтарға ұстаздық ету жұмысына да, еңбекшілер арасында бұқаралық-саяси жұмыс жүргізуге де енді ғана араласа бастаған Зура Мырзагелдина сыяқты жас үгітші де бар.

—Үгітшілер коллективінің негізгі ұйтқысы —біздің мұғалімдеріміз. Олармен жұмыс істеу де қиындық келтірмейді, тек қайнаған жігерлері мен сарқылмас инициативаларын қолдай біл! —дейді колхоз партия ұйымының көптеген секретары, әрі үгітшілер коллективінің тәжірибелі жетекшісі Қайыркен Байғасов жолдас.

Үгітші-мұғалімдер коллективінің жұмысы, әсіресе, кәзіргі кезде, Советтердің сайлауына әзірлік жұмысы жан-жақты

Алғашқы кезде бізде мұндай тәртіп болмайтын. Мәселен, әр үгітші өз участогінде өзі қалаған еркін тақырыпта әңгіме өткізе беретін. Сонда бір онуылқтерге адамдардың үгітші айтқан мәселелерді білгенін екінші онуылқтерге білмейтін. Ал кәзіргі кезде бізде мынадай тәртіп бар. Үгітшілердің бәрі бірдей бір он күндікте біртұтас тақырыпта әңгіме өткізеді. Мәселен, біз жуырда СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қаулысын барлық онуылқтерде, фермаларда бірмезгілде өткізіп жүрміз. Әрине, біз жұмысты тек осылайша ғана күресек, сыңаржақтық істеген болар едік. Үгітші жоспардағы тақырыптан біреу өзі қалаған, немесе еңбекшілер тілек еткен тақырыптарда әңгіме өткізсе, оның ешқандай терісінгі жоқ. Бізде осылай болып та жүр.

Үгітші-мұғалімдердің ішінде Сәркеп Барқытов жолдастың жұмысы колхозшыларды сүйіндіріп отырады. Өйткені ол өз онуылқімен бірге, бүкіл колхозшылар арасында да үгіт-буқаралық жұмысты тыянақты жүргізіп келеді. Барқытов жолдас —мектеп көркемөнерпаздар үйірмесінің жетекшісі. Ол мектеп оқушыларының күшімен сайлаушы-колхозшыларға арнап бірнеше концерт ұйымдастырды. Тағанды үгітші—жақсы өнші де. Колхоз клубының шағын ғана сақнасында ол халық сүйіп тындайтын талай әндерді шебер орындады.

Клубта концерт болған күні мынадайдың да куәсі болуымыз.

—Сәркеңді, Сәркеңді сұраймыз! «Бұмырда тайғы» шығармаң! —дегені жүр.

ҰЙЫМ ЖҰМЫСЫ НАШАР

хосының бастауыш комсомол ұйымында 25 кәсіпкер мүшесі бар. Олардың көпшілігі шаруашылықтың түрлі салаларында қажырлы еңбек етіп келеді.

Алайда комсомол ұйымы (секретары Т. Жанболатов жолдас) өзін жұмысын бүгінгі күннің талабына сай ұйымдастыра алмай келеді. Комсомол жастар арасында саяси оқу, ұйымдастыру-бұқаралық жұмыстары мүлде жүргізілмейді. Комсомол жыйналымының өзі сирек, формальді түрде ғана өткізіледі. Жыйналыстарда қабылданған қаулының орындалуы тексерілмейді. Мысалы соңғы өткен жыйналыста қосымша 3 комсомолды мал фермаларына жұмыс істеуге жіберу жо-

қалды қаулы алынған еді. Бірақ ол қаулы орындалмай, аяқсыз қалып қойды.

Одаққа жоқ алдығы қатарлы жастарды БЛКЖО мүшелігіне қабылдау ісі де қанағаттанғысыз. Колхозда қоғамдық еңбекке белсене қатысып жүрген комсомолда жоқ жастар көптеп саналады. Бірақ комсомол ұйымы алдыңғы қатарлы жастардан соңғы 8 ай ішінде небары екі-ақ адамды БЛКЖО мүшелігіне қабылдады.

Сол сыяқты «Интернационал» колхозы бастауыш комсомол ұйымы 12 мүшесіз құралады. Ұйымның аты болғанымен, жүргізіп жатқан ешқандай жұмысы жоқ. Комсомол ұйымының секретары Г. Овсянникова жолдас БЛКЖО мүшелері арасында

саяси-бұқаралық жұмыстарын жүргізуге бастылық етпейді. Колхоз шаруашылығында жұмыс істейтін жастар арасында еңбек тәртібі нашар. Кейбір комсомолдер көптен бері мүшелік жарна төлемеген.

Комсомол-жастардың бірде-бірі саяси оқумен қамтылмаған.

Колхоз комсомол ұйымының жұмысындағы бұл сыяқты елеулі кемшіліктер жөнінде Октябрь аудандық комсомол комитетінің секретары Малыш жолдасқа бірнеше рет хабарлады. Бірақ Малыш жолдас оны есінен шығарып алған болса керек.

**Ж. ТӘШЕНОВ,  
К. ТІЛЕУБЕРДИН,**

жетін жұмысқа айналдырды. Ол Ғабит Мүсіреповтың «Оянған өлке» романына бірнеше үзінділер оқып, одан кейінгіректе осы роман бойынша кеңейтілген лекция жасады. Бұл лекцияда Жаменов жолдас революцияға дейінгі Қарағанды мен кәсіпкері Қарағандыны салыстыратын қосымша мәліметтерді келтірді.

Үгітшінің өткізіп жүрген әңгімелерінің тақырыптары саналуан. Ол өзі де көп ізденіп, көп білуге ұмтылып отырады және осы білгендерін колхозшылар арасына таратып отыруға тырысады.

**Ш. НҮРҒОЖИН.**

—Өзі шебер үгітші, «ән сал» деген

Біз айына екі рет семинар-кеңеске жыйналып отырамыз. Мұнда өткен он бес күн ішінде жүргізілген жұмыстың қорытындысы шығарылады, кемшіліктер анықталады, оларды келешекте қайталамауың жолдары белгіленеді. Мұндай-да біздер, үгітшілер, бір-бірімізді принципті сынға алып, кейде қызу айтысқа да түсіп қаламыз. Әрине, мұндай таластардың іске пайдасы тигеннен басқа, ешбір залалын көргеміз жоқ. Семинар-кеңесте алдағы он бес күнде істелетін жұмыстың біртұтас жоспарын да жасаймыз. Мұндай жоспар үгітшілердің бірі үшін бірдей орындалуға тиісті заң болып табылатын.

—Өзі шебер үгітші, «ән сал» деген үгітшіге қарап тұрмайды! —деп қуанады кейбіреулер.

—Шынында Барқытов жолдас көп күттірмейді, халық тілегін қолма-қол қаңғаттаптырады...

Үгітші-мүғалімдер —бұқаралық-саяси жұмысты өрістетушілер, мәдениет майданының жауынгерлері. Біздің мектептің мүғалімдері осы атаққа лайық жұмыс істейді, бар білімдерін, шеберлігі мен қабілетін еңбекшілер арасындағы абройлы жұмысқа толық жұмсайды.

**И. ӨСКЕНБАЕВ,**

**Баян орта мектебінің мүғалімі,  
үгітші.**

**Преснов ауданы.**

Үгітшілер мен насихатшыларға көмек

## БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДЕ МӘДЕНИЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ САЛАСЫНДАҒЫ ТАБЫСТАР

Коммунистік партияның кеменгер бастылығымен рухтанған совет халқы тарихи қысқа ғана мерзімнің ішінде өз елін алдыңғы қатарлы индустриялы колхозды (р. державға айналдырды, социализм орнатты, ал кәзіргі кезеңде коммунизмнің сал-натты зәулім үйін ойдағыдай құрып жатыр. Партияның XIX съезінің директивалары мен СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март, июнь және январь Пленумдарының қарарларын орындай отырып, совет халқы шаруашылық және мәдениет құрылысының барлық салаларында да күннен күнге жаңа табыстарға жетісуде.

СССР Министрлер Советі жанындағы Орталық статистика басқармасының 1954 жылы СССР халқы шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын орындаудың қорытындылары туралы хабары бұл табыстардың айқын дәлелі болып табылады.

Ауыр өнеркәсіпті өркендету саласындағы табыстар ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету және халық тұтынатын товарлар өндірісін арттыру мүмкіншілігін қамтамасыз етеді. 1954 жылы СССР-да егіс алаңдары 10,8 миллион гектар ұлғайды. 1954 және 1955 жылдардың егісі үшін 17,6 миллион гектар тын және тынайған жерлер көтерілді.

Елімізде мәдениеттің күшті қарқынмен дамуы жүзеге асырылуда. Бізде шын мәніндегі нағыз мәдени революция жасалды. Жалпыға бірдей бастауыш білім алу жүзеге асырылып, жалпыға бірдей жеті-жылдық білім алу енгізілді және ол табыспен жүзеге асырылуда. Қалада, сондай-ақ деревняда да орта білім алу едәуір кеңейтілді.

Арнаулы орта және жоғары білім алу ісі едәуір кеңейді. Еліміздің мектептері мен оқу орындарында кәзіргі 57 миллионнан астам адам оқыйты. Тек жоғары оқу орындарында ғана 1 миллион 732 мың адам, ал арнаулы орта оқу орындарында

1 миллион 790 мың адам оқып жүр.

1953 жылы Москвада Ленин тауларында дүние жүзіндегі ең үлкен ғылым сарайы—Можайский М. В. Ломоносов атындағы Мемлекеттік университеті ашылды. Онда сырттан оқушыларды қоса есептегенде 60 ұлттан 18 мыңға жуық студенттер оқыйды. Өткен жылы біздің елімізде жоғары және орта оқу орындарын 560 мың жас маман бітіріп шықты.

1954 жылы елімізде 390 мыңа жақын кітапхана және 54 мың киноустановка болды. Ал ауруханалар, әйелдер босалығы үйлер, балалар бақшалары мен яслилері, санаторийлер мен демалыс үйлері едәуір көбейді.

Совет мектебі, советтік ғылым, совет әдебиеті мен искусствосы—дүние жүзінде ең озық орындарға ие. Олар халықтың демократия елдерінің бәрінде де мәдениеттің өркендеуіне зор әсер етуде.

Халық ағарту ісі мен мәдениетті өркендетуде, әсіресе одақтас республикалар зор табыстарға жетті. Біздің Қазақ ССР-ы мұның айқын мысалы бола алады.

Октябрь революциясына дейін Қазақстан патшалық Россияның жаппай сауатсыз шет аймағы болатын. Онда тұрғын халықтың әрбір 100 адамнан бар болғаны екеуі-ақ сауатты болушы еді. Қазақстан территориясындағы алғашқы оқу орындары ХҰШ ғасырдың аяғында пайда бола бастады. Алайда дәл сол кезеңде қазақ балалары оқу орындарына жіберілген де жоқ. Қазақтарға арналған алғашқы жеті-жылдық мектеп 1859 жылы Орынборда (кәзіргі Чкалов қаласында) ашылған болатын. Осыған кейін басқа мектептер де құрыла бастады. Бұл мектептерде ел-бақ араб тілінде, діни сылтауға жүргізілді. Қазақстанда совет өкметінің орнауына дейін мектеп молдалар мен байлардың, буржуазияшы ұлтшылдардың қолындағы құрал болды.

1911 жылы Қазақстанда небары 360-ақ орыс-қазақ мектебі бар еді. Мұның

өзі біздің облысымыздағы мектептердің кәзіргі санынан екі есе кем. Жоғарыда көрсетілген мектептерде барлығы 6 мың ғана бала оқыды. Ал кәзіргі облысымыздың тек Октябрь ауданының бір өзінде ғана 7 мың оқушы бар. Жоғары білім алу туралы қазақ балалары ол кезде тіпті арман ете алмайтын да.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы және СССР-да социализмнің жеңіп шығуы қазақ республикасының экономикалық және мәдени бейнесін түбірімен өзгертті. Ұлы орыс халқы мен туысқан республикалар халықтарының туысқандық көмегімен Қазақстан көшпелі шаруашылықты артта қалған аграрлы шет аймақтан индустриялы-колхозды республикаға, түсті металдар, көмір, мұнай шығаратын республикаға айналды. Қазақстанда социалистік егіз шаруашылығы бұрын шөз көрмеген дәрежеде өркендеді. Тек 1954 жылы ғана біздің республикамызда 8 миллионға жуық тың және тыңайған жерлер игерілді. Қазақстан Совет Одағының негізгі малшаруашылық базасына айналып келеді.

Кәзіргі Қазақ ССР халық ағарту жүйесінде ғана 8500-ден астам мектеп, 120-дан астам техникум және 30-ға тарта жоғары оқу орындары, олардың ішінде бір университет бар. Қазақ қыздары үшін арнаулы жоғары оқу орындары—педагогикалық әйелдер институттары құрылды. Қазақстанның кең байтақ территориясында мектептер кәзіргі тек қалалар мен ауыл-селоарда ғана емес, сонымен бірге алыстағы мал жайылымдарында да бар.

Қазақ ССР-нің мектептері мен оқу орындарында кәзіргі кезде 1,5 миллионнан астам жастар оқыйты. Әсіресе соңғы жылдары орта білім алу ісі кеңінен өркендеді.

Республиканың жоғары оқу орындары мен техникумдарында одақтас мың жас жігіттер мен қыздар халық шаруашылығының әралуан саласында маман болуда

даярланып жатыр. Тек 1955 жылдың өзінде ғана республиканың педагогикалық жоғары және орта оқу орындарын 2600 босашақ мүғалім бітіріп шығады. Бұдан бөлек, 2100 адам сырттан оқу бөлмін бітіреді.

Республикамызда советтік жаңа интеллигенция өсіп, жетілді. Қазақстанда 60 мыңнан астам адам мүғалім болып істейді, дәрігерлер, инженерлер, агрономдар және басқа да мамандықтың атақдары мыңдап саналады.

Октябрь революциясына дейін Солтүстік Қазақстан облысының территориясын да 76-ақ мектеп (олардың ішінде екеуі орта, екеуі жеті-жылдық мектеп) болды. Бұл мектептерде 4032 ғана оқушы бар еді. Мұның өзі Полудень ауданындағы оқушылар санынан әлдеқайда кем. Ол кезде облыс мектептерінде 132 ғана мүғалім жұмыс істеді. Олардың небары үшеуінде ғана жоғары білім болды, ал 44 адамда тіпті толық орта білім де болған жоқ.

Мәдени мекемелердің басқаларында да істің жайы мәз емес болатын. Бүкіл облыста бір ғана киноустановка (оның өзі Петропавл қаласында), 5 аурухана және 1 фельдшерлік-акушерлік пункт болды. Радио, мәдениет үйлері, клуб дегендердің аты да болмады. Жергілікті халық журналдар мен газеттер жаздырып алу дегенді білмеді.

Ал кәзіргі біздің облысымызда, жол қатынастары министрлігінің мектептерін де қоса есептегенде, 580 мектеп бар. Бұлардың ішінде 47 орта және 191 жеті-жылдық мектеп жұмыс істейді. Тек 1954-55 оқу жылының басталу қарсаңында ғана 21 бастауыш, 3 жеті-жылдық және 8 орта мектеп жаңадан ашылды. 1954 жылы жаңа совхоздарда жаңа қоныстанушылардың балалары үшін 11 бастауыш және 11 жеті-жылдық мектеп ұйымдастырылды. Үстеміздегі оқу жылы облыс мектептерінде 70 мыңға жуық оқушы оқыйты. Мұның өзі—Октябрь революциясына дейінгінен 17 есе артық деген сөз. Әсіресе соңғы жылдардың ішінде 8-10 кластарда оқушылардың саны ұлғайды. Егер 1950-1951 оқу жылы осы кластарда 2158 оқушы болса, кәзіргі олар 9400-ге жетті. Үстеміздегі оқу жылы тек жетінші кластарды ғана 8 мыңға

жуық оқушы, ал 10 кластарды 1900 оқушы бітіріп шығады.

Совет өкметі өмір сүріп отырған жылдардың ішінде облыс мектептерінде мүғалімдердің саны 30 еседен артық көбейді. Тек 1954 жылдың өзінде ғана мектептерде жұмыс істеуге жоғары, аяқталмаған жоғары және арнаулы орта білімі бар 400-ден астам мүғалім келді.

Біздің облысымызда 7 арнаулы орта оқу орны және мүғалімдер институты бар. Оларда 3 мыңнан астам жас жігіттер мен қыздар оқыйды. Сондай-ақ бірнеше ФЗО мектептері, колхозер және темір жол училищелері бар. Мыңдаған жас жігіттермен қыздар өндірістен қол үзбей, жұмысшы және село жастарының көпші мектептерінде және сырттан оқу арқылы өздерінің білімдерін көтеруде.

Қалалық жерлерде жалпыға бірдей орта білім алуға көшу және селолық жерлерде орта білім алу ісін кеңейту, жақын босашақта барлық жерде де жалпыға бірдей орта білім алуға көшу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді. Жұырманда барлық жас жігіттер мен қыздар қалалық жерлерде де, сондай-ақ селолық жерлерде де өндірістік қызметке тек орта мектепті бітіргеннен кейін ғана орналасатын болады. Тіпті кәзіргі өзінде-ақ орта мектептің 10 класын бітірген көптеген жастар тікелей өндіріске және ауыл шаруашылығына баруда немесе курстар мен техникумдарда қысқартылған мерзім бойынша оқып, жалпай мамандық алуға.

Кәзіргі біздің облысымызда 2—5 орта және 10-20 жеті-жылдық мектебі жоқ бірдебір ауданды кездестіре алмайсыз. Тек Преснов ауданының бір өзінде ғана 4 орта, 26 жеті-жылдық және 33 бастауыш мектеп бар. Бұл ауданда 449 мүғалім 7 мыңға жуық оқушыларға сабақ береді. Тек осы ауданның өзінде ғана бүкіл облыс бойынша революцияға дейінгімен салыстырғанда, оқушылар саны 2 есе дерлік және мүғалімдер саны 3,4 еседен де артық өсті.

Бүкіл еліміздегідей, біздің облыста да басқа да мәдениет ошақтары кеңінен өркендеді. Клубтар, кинотеатрлар, мәдениет сарайлары, кітапханалар, оқу үйлері және басқа мәдени-ағарту мекемелері тез көбейде. Облыста 74 селолық клуб, 140 киноустановка, 11 аудандық

мәдениет үйі жұмыс істейді. 95 кітапхананың кітап қорында жарты миллион дана кітап бар. 93 оқу үйі жұмыс істейді. 2 облыстық және 12 аудандық газет шығып тұрады. Облыс еңбекшілері 26,5 мың дана газет және 25 мың дана журнал алдырады.

Облысымызда дәрігерлер, агрономдар, зоотехниктер және басқа да мамандар жылдан жылға көбейде.

Міне осының бәрі совет халқының мәдени дәрежесін арттыру жөнінде, еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу жөнінде Коммунистік партия мен Совет Үкметінің тығыз аяқталған жасап келе жатқан қамқорлығының жемісі. СССР Жоғарғы Советінің соңғы сессиясының қарарлары бұл қамқорлықтың айқын көрінісі болып табылады. Сессия әлеуметтік мәдени шараларға 1955 жылы жұмсалатын қаржыны едәуір көп мөлшерде белгілеп отыр.

Бүкіл совет халқымен бірге, біздің облыстың еңбекшілері де Одақтас республикаларының Жоғарғы Советтері мен жергілікті Советтердің сайлауына қызу әзірлене отырып, бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы, СОКП Орталық Комитеті Пленумдарының ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету, мал шаруашылығының өнімділігін күрт арттыру жөніндегі қаулыларын жүзеге асыру жолындағы социалистік жарысты барған сайын кеңінен өрістетуде. Бұл қарарларды мінсіз жүзеге асыру—біздің елімізде мәдениет құрылысы саласындағы табыстарымызды одан әрі дамыта береті деген сөз.

Сайлауға белсене әзірлене отырып және сайлау күні коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары үшін бірауыздан дауыс беру арқылы облыс еңбекшілері, бүкіл еліміздің еңбекшілерімен бірге, өздерінің моральдық-саяси бірлігін, өздерін экономикалық және мәдени прогрестің жарқын жолына түсірген және коммунизм шынына қарай сеніммен беттеп келе жатқан Коммунистік партияға деген сүйіспеншілігі мен шексіз берілгендігін тағы да көрсетеді.

**И. МИТРОФАНОВ,**

**ҚКП обкомі мектептер бөлімінің меңгерушісі.**

# ОБЛЫС ЖАСТАРЫ ЯНВАРЬ ПЛЕНУМЫ ҚАУЛЫСЫН ҚЫЗУ ҚУАТТАП, ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КҮРЕСІНЕ БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСУДА

## Колхоз жастары мал шаруашылығын өркендету күресінде

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысы ең алдымен қоғамдық мал шаруашылығын тезінен өрге бастырудың өміс үшін өмірлік маңызы бар екенін атап көрсетті. Мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыруды ауыл шаруашылығындағы ең шұғыл міндет етіп қойды. Бұл міндеттердің колхоз комсомол ұйымдарына да үлкен талаптар қоятыны сөзсіз. Біздің «Индустрия» колхозының (Мамлют ауданы) жас мал өсірушілері өзін күнбе-күнгі жұмысын Пленум қойған талаптарға сай жүргізуге барып тауда.

Пленум қаулысын колхоз жастары еңбек өрлеуі үстінде қарсы алды. Оған жауап ретінде көтерілгі міндеттемелер қабылдады. Жас сауыншылар М. Сусллова және М. Чубарова жолдастар өздерінің қарамағындағы сауын сыйырларын қонды ұстап, оның әрқайсысынан 1700 литрден сүт алуға міндеттенді.

Біздің колхоздың комсомол-жастары мал қыстату маусымын үлгілі өткізуді өздерінің ең абройлы міндеті деп санайды. Колхоздың қоғамдық мал шаруашылығын оған әрі өркендете беру мақсатымен комсомол-жастар маңды қыстан қонды шығаруға, әрбір сауын сыйырдан 1700 литр сүт алуға, 500 саулық қойдан 600 қозы алуға міндеттенді.

Мал төлден өседі. Біз мал өсірудің негізгі болып табылатын — төл өсіруге де ерекше назар аударуымыз. Фермада бұл сыяқты жауапты жұмыс та жастардың үлесіне тиді. Е. Киреева, Е. Бондаренко сыяқты комсомол-жастар бірақатар уақыттан бері төл жүтуші болып істейді. Ал, Е. Егорова, Т. Сусллова қой фермасында жұмыс істеп жүр. Олар қарамағындағы малдарды зоотехникалық малдәрігерлік ережелерге сай күтіп, шығынсыз, қонды өсіруді қамтамасыз етуде.

Комсомол-жастардың фермада белсене еңбек етуі малды азықтандыруды, қораларды тазартып, маңды кезінде суарып, саууды және басқа жұмыстарды белгіленген тәртіп бойынша жүргізуді іске асыруға мүмкіндік берді. Кәзір фермада төл алу маусымына қызу әзірліктер жалғалуда. Төл үйлері, қозы тұратын орындар реттеліп, малдәрігерлік ережелерге сәйкес жабықталды. Төлдейтін малдарға комсомол-жастардан күні-күні бірдей көзқарам қойылды.

Фермада жас мал өсірушілердің мәдениетті дем алуына да қолайлы жағдай жасалған. Комсомол-жастар көш-құрым қызыл мүйізке жыйналып, бір күнгі жұмысқа қорытынды жасайды, ертеңгі жұмыс турлерін белгілейді. Бұдан кейін жаңа газет, журналдарды оқуға, жауын-

Облысымыздың комсомол жастары СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қаулысын еңбек өрлеуі үстінде қарсы алып, оны жүзеге асыру күресіне белсене араласуда. Соңғы кезде фермаларда жұмыс істеп, пленум алға қойған міндетті орындау күресіне тікелей қатысуға тілек білдірген жастардың саны көбейе түсті. Төменде фермаларда жұмыс істейтін жастардың бір тобына сөз беріп отырмыз.

## ЖАСТАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ

«Победа» колхозының комсомол-жастары СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру туралы» қаулысын қызу қуаттап, еңбек қарқынын мейлінше жандандыра түсті. Бұл күндері олар өздерінің барлық күш-қуатын Пленум алға қойған міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруға, сойтып, қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру күресіне жұмсауда.

Колхоздағы комсомол-жастардың көбі ауыл шаруашылығының маңызды саласы — мал шаруашылығында жұмыс істейді. Олар қоғамдық малды қыстаң қонды шығаруды, оның өнімділігін арттыруды өздерінің абройлы, әрі жауапты борышы деп санайды. Фермада жұмыс істейтін комсомол-жастардың инициативасы бойынша колхозда комсомол жастар бригадасы құрылды. Бригада мүшелері кәзір фермадағы жұмыстың ең жауапты участоктерінде істейді. Мәселен бригада мүшесі Көкішев малдарға шұңқелікті кемшілікті өлшеп береді. Ал комсомол-жастары Сауханов сабақты ұнтап, буландырып беру жұмыстарына белсене араласады.

Біздің колхоздың комсомол-жастар бригадасы көрші «Красное знамя» колхозының фермасында істейтін комсомол-жастар бригадасын социалистік жарысқа шақырды. Бұл социалистік жарыс еңбек өнімділігін арттыруға, комсомол-жастардың фермаларда еселеген қарқынмен еңбек етуіне ерекше ықпал етуде. Жақында бригаданың өкілдері «Красное знамя» колхозына социалистік жарыстың барысын тексеруге барады. Мұнымен бірге, олар көрші колхоздағы озат мал өсірушілердің іс тәжірибесімен танысады. «Красное знамя» колхозының комсомол-жастары да өздерінің тарапынан бізге өкілдер жібереді.

Колхоздың комсомол-жастары жұмыстан бос уақыттарында өздерінің мамандықтарын жетілдірумен, жалпы білімдерін көтерумен шұғылданады. Фермада зоотехникалық малдәрігерлік курс ұйымдастырылған. Онда оқып жүрген мал өсірушілердің көпшілігі комсомол-жастар. Курсқа зоотехник Шахметов жолдас сабақ береді. Сабақ ферманың қызыл мүйізінде аптасына бір рет өткізіледі.

Біздің колхоздың комсомол-жастары

мен шабу және оны жыйнау жұмыстарына да белсене араласқан болатын. Колхозда 12900 центнер шөп, 2500 центнер сабан, 1 мың центнер дәнді жемазық, 3630 центнер суразық дайындалды. Кәзір сауын сыйырларға күніне 8 килограмм суразық, 12 килограмм жемшөп, 1 килограмм концентрат берледі. Сауын сыйырлар төулігіне үш рет сауылады.

Фермада жастардың мәдениетті дем алуы да үлгілі ұйымдастырылған. Мұнда көркемөнерпаздардың үйірмесі жұмыс істейді. Оны мұғалима Мария Кристалль жолдас басқарады. Ол үйірмеде жақсы әншілер, бишілер, музыка аспаптарында ойнайтын жастар бар. Көркемөнерпаздар колхозшылар мен малшыларға жиі-жиі концерттер қойып береді.

Біздің колхозда қажырлы еңбегімен де, жалынды сөзімен де колхозшылардың қамқорлығына бөленіп жүрген жастар аз емес. Осындай үгітшілердің бірі М. Кристалль жолдас. Ол Пленум қаулысы жөнінде, Советтік сайлау системасы туралы сайлаушылардың үйінде бірнеше рет әңгіме өткізді. Фермадағы аптасына бір рет шығатын жауынгерлік листоктың редакторы да осы М. Кристалль жолдас.

Алайда, ферма жұмысында кемшіліктер де жоқ емес. Біз әлі де болса қолда бар күш-қуатымызды жете пайдалана алмай отырмыз.

Фермада мал азығын тасуда да едәуір кемшіліктер бар. Жемшөп тасуда небары 2 трактор ғана жұмыс істеп жүр. Калинин атындағы МТС шөп тасуға тракторларды жөткілікті етіп бөлсе де, колхоз басшылары трактор шанасы жоқ деген сылтаумен, ол тракторларды пайдаланбай отыр. Мұның өзі, егер бораң-шапшын болып кетсе, қоғамдық малға жемшөпті деркесінде жеткізе алмау қаупін туғырады.

Колхоздың комсомол-жастары өз жұмысындағы кемшіліктерді іс үстінде түзеуге міндетті. Сөйтіп, Пленум алға қойған міндеттерді орындау күресіне белсене араласып, қоғамдық малды қыстан аман, қонды етіп шығарады. Оның өнімділігін арттыра береді.

**Е. КӨКІШЕВ,**

Булаев ауданы, «Победа» колхозы комсомол ұйымының секретары.

## Малды қыстан қонды шығарамыз

Колхоз комсомол ұйымы мал қыстату маусымын үлгілі өткізуді өздерінің ең абройлы міндеті деп санайды.

## Мал өсірушілер арасындағы мәдени-ағарту жұмысы

Біздің колхоздың мал шаруашылығы жыл сайын өрге сасып келеді. Соңғы жылдары мал басының саны едәуір көбейді, одан алынатын өнімнің мөлшері де артты. Соның нәтижесінде колхоздың қоғамдық мал шаруашылығынан алатын кірісі де анағұрлым молайды. Сөз жоқ, бұл табысқа жету жолында колхоздың жас мал өсірушілері көп еңбек сіңірді. Сондықтан да, колхозшылар оларды ерекше құрмет тұтып, қамқорлық жасап отырады. Мұның өзі түсінікті де. Өйткені мал өсірушілердің жұмысына үнемі көңіл бөлініп, олардың тұрмыстық және мәдени қажеттерін өтеу қамқорлығы неғұрлым күшейтілсе, олардың еңбекке деген ынтасы да солғұрлым артып, табысты еңбек ететіндігі сөзсіз.

Біз мұны ескере отырып, мал қыстату маусымы кезінде мал фермаларындағы мәдени-ағарту жұмыстарын үлгілі ұйымдастыруды қарастырдық. Колхоз өндірісінде еңбек етіп жүрген комсомол-жастар бізде көптеп саналады. Кәзір колхоз комсомол ұйымының есебінде 33 комсомол-жастар еңбек ететіндігі тіркеліп мал фермаларында жұмыс істейді. Мұның өзі мал фермаларындағы мәдени-ағарту жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыруға, сойтып мал өсірушілерді мәдени етті қамтуға мүмкіндік беруде.

Колхозда жақсы жабықталған кітапхана жұмыс істейді. Оның кітап қоры жыл сайын жаңа әдебиеттермен толықтырылып отырылады. Тек өткен жылы ғана 500-ден астам өртүрлі саяси көркем, ауыл шаруашылығы әдебиеттері сатып алынды. Оның ішінде озат мал өсірушілердің іс тәжірибелері жөніндегі кітапшалар да бар. Кітапхана орталық, республикалық, облыстық, аудандық газеттер және журналдар жаздырып алдырады.

Фермалардағы мал өсірушілер үшін жылжымалы кітапханалар ұйымдастырылды. Фермадағы жастар активі, село интеллигенттері кітап оқушылар конференцияларын өткізуге де белсене араласады. Бұл күндері жазушы Вера Павлованың «Айқын жаға» алты романы бойынша кітап оқушылар конференциясын өткізуге даярланып жатырмыз.

Колхоз клубының жанында хор, драма және басқа үйірмелер жұмыс істейді. Оған отыздан астам колхозшы жастар қатысады. Лиза Шмид, Елена Богер, Сафронов сыяқты комсомол-жастарымыз көркемөнерпаздар үйірмесіне белсене қатысу арқылы өздерінің орындаушылық шеберлігімен көзге түсіп, колхозшылардың құрметіне бөленуде. Көркемөнерпаздар мал өсірушілер үшін бірнеше рет концерттер мен пьесалар қойып берді. Колхоз клубында мал өсірушілерге арналған әңгімелер ұйымдастырылып тұрады. Ол

## Қамыс—әрі арзан, әрі тиімді құрылыс материалы

## Құрылысқа қамысты көп дайындауда

Преснов МТС-нің коллективі құрылысқа қамыс дайындау жұмысын алғашқы күндерден бастап қызу қарқынмен жүргізе бастады. Мұнда кәзір де 35 адамнан құралған арнаулы бригада жұмыс істейді. Мемлекеттік маңызы аса зор іске МТС-тің көптеген тракторшылары, комбайншылары және шоферлары да зор көмек көрсетіп жүр.

Кәзірде бүкіл республикамыздың еңбекшілерінің мұндағы қамыс дайындаушылар да Қазақ ССР Жоғарғы Советі және жергілікті Советтердің сайлауы қарсаңындағы социалистік жарысты кең көлемде өрістетіп, игілікті табыстардың иесі болуда. Бригада мүшелері соңғы кезде еңбек өнімділігін едәуір арттырды. Мәселен, СОКП мүшелігіне кандидат Ильяс Ахметов жолдас өзіне міндеттелген сменалық тапсырманы 150 процентке дейін асыра орындайды. Ал комбайншы Павел Устинов, оның зайыбы Анастасия Норкина жолдас-тар бір күнде қолналымен 20 текшеметрге дейін қамыс шауып, еңбектің озат үлгісін көрсетті. Қамыс дайындауда еңбек ететін шофер Геннадий Шулкин, тракторшы Сидченко жолдас-тардың еңбегі де атап айтарлықтай.

МТС басшылары қамыс дайындауда еңбек ететін бригадаға тұрмыстық кө-

лайлы жағдайлардың бәрін жасап отыр. Бригада мүшелері жұмыс орнына жақсы жабықталған жылжымалы вагоншалармен жеткізіледі. Оларға күн сайын газет, журналдардың соңғы нөмерлері жеткізіліп тұрады. Қамыс дайындаушылар бригадасының бригадирі Чеснаков жолдас күн сайын істелген жұмысты қорытындылап, социалистік жарыста алған міндеттеменің орындалуын жұмысшыларға хабарлап отырады. Осы бригадада еңбек ететін комсомол-жастар Дмитрий Карташов жолдас әрбір бескүндік сайын жауынгерлік листок шығарып, оңда еңбекте өзгандардың іс тәжірибелерін кеңінен насихаттайды. Онымен бірге, күнделікті тапсырмаларын орындамайтындарды қатты сыға алып, кемшіліктерді жоюдың жолдарын көрсетіп береді. Бригада мүшелері кәзірдің өзінде жоспарланған 6 мың текшеметр қамыстың 5500 текшеметрін дайындады.

Қамыс дайындаушылар Қазақ ССР Жоғарғы Советі және жергілікті Советтердің сайлауы қарсаңындағы социалистік жарысты мейлінше ләззәтпен жүргізіп, сайлау күніне дейін құрылысқа қажетті 10 мың текшеметр қамыс дайындауды міндеттеніп отыр.

**Н. МИШИН.**

Осы ауданда Калинин атындағы колхозда мал қоралары құрылысына қамысты кеңінен пайдаланып келеді. Өткен жылы мұнда 75 малға арналған қамыс қора салынды. Колхозшылар қамыстан салған қораның беріктігі шым қоралардан әлдеқайда артық болатынын және өте арзанға түсетіндігін өз тәжірибелерінен анық көрді. Сондықтан үстемдігі жылы артель мүшелері құрылыстық қамыс дайындау ісін асқан белсенділікпен жүргізуде.

Қамыс әзірлеуге колхозшылармен бірге мектеп оқытушылары да қатысып жүр. Кәзір колхозда 50 тонна қамыс дайындалған. Қамыс дайындау жұмысы әлі де жүргізілуде.

«Сталин жолы» колхозының мүшелері де алдағы жылы мал қоралары құрылысына қамыс дайындау жұмысын қызу жүргізуде. Колхоздың үш дата бригадасында да қамыс дайындау ісіне арнаулы адамдар бөлінді.

Қамыс шабу жұмысында, әсіресе С. Әбенов, М. Алымтаев жолдас-тар ерекше көзге түсуде. Олар күнделік тапсырмаларын үнемі 200 процент етіп орындап жүр.

Кәзір колхозда 30 тоннадан аса қамыс шабылды. Қамыс шабу жұмысы әлі де қызу жүргізілуде.

**А. ТАУҒҮДІРЕТОВ,  
М. ӘНІМЖАНОВ.**

## Қамыс дайындаудың қарқыны арттырылсын

Қамыс— өте арзан құрылыс материалы. Оны қыс кезінде дайындау аса тиімді. Сондықтан да кәзір көптеген колхоздар мен совхоздар бұл іске ерекше назар аударып отыр. Дегенмен құрылыс үшін қамыс дайындау жұмысы қолға да алынған жоқ. Жағдай Аманжолды атындағы колхозда да осындай. Колхоз председателі Мәдіев жолдас құрылыс үшін қамыс дайындауды ұйымдастыру ісін ешқандай себепсіз кешіктіріп келеді.

Мысалға Ленин атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздарды алайық. Олар қамыс дайындау жөніндегі белгіленген тапсырманы небары 23 процент орындады. Осыған қарамастан соңғы 10 күн ішінде МТС қамтуындағы колхоздар қамыс шабу жұмысын мүлдем тоқтатып қойды. Мұнда қамыс дайындау ісіне а-

лығын салуға қамыс әзірлеуге мүмкіндік беретін көлдер көп. Не пайда, колхоз председателі Нурмолдин жолдас осы мүмкіндікті пайдалануды ұйымдастырмай отыр. Осы уақытқа дейін мұнда қамыс дайындау жұмысы қолға да алынған жоқ. Жағдай Аманжолды атындағы колхозда да осындай. Колхоз председателі Мәдіев жолдас құрылыс үшін қамыс дайындауды ұйымдастыру ісін ешқандай себепсіз кешіктіріп келеді.

Приешім МТС-нің қамтуындағы 8 колхозда кемінде 9 мың текшеметр қамыс дайындау жоспарланған болатын. Бұған 10 февральға дейін 2 мың текшеметр

руға кіріседі. Комсомол-жастардан көр-көмәнерпаздар үйірмелері ұйымдастырылды. Олар қолхозшыларға, сондай-ақ, мал өсірушілерге концерттер қойып беріп тұрады. Бұл шұңдері комсомол-үлгішілер қолхозшыларға, мал өсірушілерге январь Пленумы қаулысын кеңінен түсіндіріп, оларды жаңа еңбек табыстарына жігерлендіруде.

Біздің қолхоздың комсомол-жастары халқымыздың әл-ауқаты мен материалдық тұрмысын одан сайын жақсартуға беруді көздейтін январь Пленумы қаулысын аброймен орындау жолында қажырлылықпен еңбек етеді. Қоғамдық мал шаруашылығының өрге басуын, мал басының көбейіп, оның өнімділігінің артуын қамтамасыз етуге жетіседі.

**М. КИРЕЕВ.**

Мал дәрігері, қолхоз комсомол ұйымының секретары.

жауымы басталысымен-ақ фермаларға комсомол-жастарды жіберді. Бірқатар жастар өздері мал фермаларында істеуге тілек білдірді. Қазір фермада жұмыс істеп жүрген комсомол-жастардың саны оннан асады. Сауыншылар Баймұратова, Күсенбаева және басқалары өздерінің қарамағындағы малдарды қолды ұстап, оның өнімділігін арттыра түсуде.

Фермаларда малдар қонына, жасына және денсаулығына қарай топ-топ болып бөлек беріледі. Мәселен, қой фермасында қойлар жәті топқа бөлінген. Ішті саулықтар, күйі төмен қойлар, өткен жылғы тоқтылар зоотехникалық малдәрігерлік ережелерге сәйкес бөлек-бөлек күтіледі.

Бұл күндері қойлар қоздай бастады. Қозыларды аман алу мақсатымен комсомол-жастардан бұл жұмысқа арнаулы адамдар тарайындалды. Олар күндіз сайлай-ақ, түнде қоздайтын қойларды байқап, мезгілінде жемшөп беріп, суарып ұтырады.

күнін жаңа табыстармен қарсы алуға, қарамағындағы малды қолды етіп, аман сақтауға міндеттенді. Олардың бәрі де сайлау құрметіндегі социалистік жарысқа ұшпақсан.

Дегенмен мал қыстатудың барысында кемшіліктер де жоқ емес. Бұған ең алдымен мал мамандары кінәлі. Соңғы кезде қойла-ауру болса да, Семипалатка МТС-нің біздің қолхозынағы участоктік зоотехникі Нуржанов және мал дәрігері Дүйсенбаев жолдастар дерезінде дұрыс көмек көрсетпеді. Сол сыяқты, қолхоздың басқарма мүшелері де мал күтімінің жайымен үнемі шұғылданып отырмайды.

Біздің қолхоздың комсомол-жастары январь Пленумының қаулысын жүзеге асырады. Сөйтіп, қоғамдық малдың қыстан қолды, аман шығуын қамтамасыз етеді.

**Комсомол Е. БЕЙСЕНБАЕВ,**  
Октябрь ауданы, «Бірлік» қолхозының қой фермасының меңгерушісі.

да мал шаруашылығы мамандары СОБП Орталық Комитетінің январь Пленумының қаулысы жөнінде лекциялар оқып, баяндамалар жасауда. Алдыңғы қатарлы мал өсірушілер өздерінің жұмыс тәжірибелерін ортаға салады. Бұл жөнінде фермаларда ұйымдастырылған қызыл мүйістер де ойдағыдай жұмыс жүргізуде. Қызыл мүйістерде мал шаруашылығына арналған көрмелер ұйымдастырылған, қабырға газеттері мен жауыпкерлік листоктар үнемі уақытында шығып тұрады.

Қолхоздың мәдени-ағарту қызметкерлері мал өсірушілерді мәдениетті қамтып, олардың январь Пленумы алға қойған—қоғамдық мал басын көбейтін, оның өнімділігін арттыру сыяқты—жауапты, әрі абройлы міндеттерді ойдағыдай орындап шығуына көмектеседі. Өздерінің барлық жұмысын Пленум алға қойған талаптарды орындау күресіне бағыттайды.

**Комсомолка В. БАСЫМОВА,**  
Петропавл ауданы, Сталин атындағы қолхоздың кітапхана меңгерушісі.

## Жастардың орны — фермада

СОБП Орталық Комитетінің январь Пленумы көзгі уақытта халықтың мал шаруашылығы өнімдері жөніндегі, ал жеңіл және тамақ өнеркәсібінің—шикізат жөніндегі өскен тілектерін қамтамасыз ете алмай отырғанын атап көрсетті. Қоғамдық мал шаруашылығы әлі де болса ауыл шаруашылығының кейін қалған саласы болуда. Пленум мал шаруашылығын өркендетіп, таяудағы 5—6 жылдың ішінде негізгі мал шаруашылығы өнімдерін екі—екі жарым есе көбейту міндетін қойды. Пленум алға қойған мұндай мемлекеттік маңызы зор міндеттерді жүзеге асыру, мал басын өсіру, оның өнімділігін арттыру күресіне белсене қатысу облыс комсомол ұйымдарының бүгінгі таңдағы көзге күтпінмейтін міндеттері болып табылады.

Көзгі міндет қоғамдық малды қыстан аман, қолды шығаруда болып отыр. Фермаларда мал қыстату жұмыстарына біздің комсомол жастарымыз да белсене араласуда. Мал қыстату маусымының бәсеке кезінде өзінде-ақ қолхоз, совхоздардың комсомол ұйымдары мал фермаларына көптеген комсомол-жастарды жіберді. Бұл күндері тікелей фермаларда жұмыс істеп жүрген комсомол-жастардың саны екі мыңнан асады.

Қолхоз, совхоздардың комсомол ұйымдары партия ұйымдарына, басқармалар мен совхоз дирекциясына малды қыстатуда үлкен көмек көрсетуде. Бұл жөнінде Мамлют ауданының «Индустрия» қолхозы комсомол жастарының игі ісі басқаларға үлгі боларлықтай. Қолхоздың комсомол-жастары бүкіл аудан жастарына үндеу қабылдады. Онда әрбір сауын сыйырдан 1700 литрден сүт алуға, 500 аналық қойдан 600 қозы алуға, төлдердің тәуліктік салмағын арттыруға, малды қыстан қолды шығаруға міндеттенді. Комсомол ұйымы фермаға 50-ге жуық комсомол-жастарды жіберді. Аудандық комсомол комитеті жастардың бұл инициативасына қолдап, еңі барлық комсомол ұйымдарында талқылауға ұсынды. Сондай-ақ, Соколов ауданындағы «Победа» қолхозының комсомол-жастары да (секретары

Налобин жолдас) малдарды қамтуына алып, олардың қыстан аман шығуын қамтамасыз етуде.

Дегенмен істің жайы барлық жерде бұлай болмай отыр. Бірқатар аудандық комсомол комитеттері және комсомол ұйымдары жастардың шөп шабу және оны жыйнау жұмыстарына белсене қатысуын қамтамасыз ете алмады. Облыс бойынша 30 мың гектар шөп және 50 мың гектар сабанның жыйнамай қалуына комсомол ұйымдары да тікелей кінәлі. Міне, соның салдарынан Полудень, Соколов, Мамлют, Приешім және Петропавл ауданының бірқатар қолхоздарында жемшөптің қыс аяғына дейін жетпеу қаупі бар.

Совет, Петропавл, Приешім және Конохов аудандарының бірқатар комсомол ұйымдары мал шаруашылығының жұмыстарына жете көмектеспейді. Комсомол ұйымының секретарьлары фермаларда сирек болады, онда жұмыс істейтін жастардың арасында ешқандай ұйымдастыру және саяси-тәрбие жұмыстарын жүргізбейді. Аталған аудан қолхоздарының бірқатарында комсомолдық бақылау постылары құрылмаған. Сол себепті мал азырын ұрлау сыяқты жағымсыз фактілер де орын алуа.

Қолхоз, совхоздардың фермаларында малдарға жемшөпті өлшеп, сабанды ұнтап, буландырып беру де тиісті дәрежеде ұйымдастырылмай отыр. Әресе, МТС комсомол ұйымдары мал шаруашылығындағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыруға, малға сабанды ұнтап, буландырып беру жұмыстарына тиісті араласпайды. Мәселен, Суворов атындағы МТС-тің комсомол комитетінің секретары Выходцев жолдас еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды механикаландыру жөніндегі механик болып істейді. Сөйтсе тура, ол күні осы уақытқа дейін МТС қамтуындағы қолхоздардың бірде-бірінде сабанды ұнтап, буландырып беруді, фермадағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыруды ұйымдастырған жоқ. ҚЛЖО Конохов аудандық комитеті,

оның секретары Дегтярев жолдас мұндай жағдайға тиісті қызығалар емес. Жақында аудандық комсомол комитеті мал фермаларының жұмысын тексеру жөнінде екі рейд бригада құрды. Бірақ, мұндай үлкен, әрі қажетті жұмысқа Дегтярев жолдасын өзі тікелей қатыспай, бригаданы кабинетте отырып басшылық етуді ұйғарды. Дегтярев жолдасын өзі фермалардағы жұмыс жайын, ондағы жас мал өсірушілердің қажеттері мен тілектерін жете білмейді.

Облыстық, аудандық комсомол комитеттері және комсомол ұйымдары өзат мал өсірушілердің тәжірибесін кеңінен насихаттауды да тиісті дәрежеде ұйымдастыра алмай отыр. Біздің облысымызда малды қолды ұстап, оның өнімділігін арттыруда игі табыстарға жетіскен өзат мал өсірушілер көптеп саналады. Тоқсанын совхозының жас сауыншысы Нина Кузнецова өзінің қарамағындағы әрбір сауын сыйырдан 3125 литр, ал, Октябрь ауданындағы «Шит» қолхозының сауыншылары Мария Чмут және Екатерина Навечная 1300—1400 литрден сүт алды. Мамлют тұқымдық совхозының төл күтушісі Мария Пашкова қарамағындағы төлдерді аман сақтап, олардың тәуліктік салмағын орта есеппен 820 грамма дейін арттырды. Міне, осындай жас мал өсірушілердің тәжірибесі кеңінен насихатталса, олар жөнінде кітапшалар мен плакаттар шығарылса, мұның өзі, мал басын аман сақтап, оның өнімділігін арттыруға үлкен көмек көрсеткен болар еді.

Облысымыздың көптеген қолхоз, совхоздарында мал өсірушілердің зоотехникалық оқуы тиісті дәрежеде ұйымдастырылмай отыр. Бұған комсомол ұйымдары да кінәлі. Полудень ауданының «Прогресс» қолхозында комсомол ұйымының секретары Спиркова және зоотехник Сафронова жолдастар күні осы уақытқа дейін зоотехникалық курстың бірде-бір сабағын өткізген жоқ. Октябрь, Совет және Преснов аудандарының көптеген қолхоздарында да сабақ мезгілінде өтпейді. Ал, комсо-

мол ұйымдары осындай төзгісіз жағдайға көріне -көзге жол береді.

Комсомол-жастар арасындағы мәдени-бұқаралық жұмыстар нашар жүргізіледі. Петропавл ауданының көптеген қолхоздары мен фермаларында күні осы уақытқа дейін қызыл мүйістер жабдықталған жоқ. Фермаларда жылжымалы кітапханалар, көркемөнерпаздар үйірмелері жұмыс істемейді. Мал күтушілерге жаңа газет, журналдар да дерезінде жеткізілмейді. Ауданның Чашаев атындағы қолхоздың қолхозшылары біржарым ай бойы ешқандай кино көрмеген. Ал аудандық комсомол комитеті және комсомол ұйымдары осындай төзгісіз жағдайға көріне-көзге жол беріп, шыдамдылық жасап отыр.

Приешім ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» қолхозының комсомол ұйымының секретары Корнев жолдас ферма меңгерушісі болып істесе де, саяси-бұқаралық жұмысты жүргізумен шұғылданабайды. Мал өсірушілердің арасында социалистік жарыс ұйымдастырылмаған. Көрсеткіш тақталар мезгілінде толтырылмайды. Сондай-ақ, қолхозда жастардың спортпен шұғылдануына да ешқандай жағдай жасалған жоқ. Комсомол ұйымдары мұндай кемшіліктерге одан әрі төзбей, оны талу уақыттарда жоюы тиіс.

Облысымыздың комсомол ұйымдары өз жұмысындағы кемшіліктерді іс үстінде түзеп отырады. Партия ұйымдарының басшылығымен қолхоздың қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оларды ұйымдастыру-шаруашылық жағынан нығайтуға және қолхозшылардың материалдық әл-ауқатын одан әрі жақсартуға бағытталған СОБП Орталық Комитетінің январь Пленумы қаулысын орындау күресіне белсене араласады. Сөйтіп, таяудағы жылдарда егіншілік пен мал шаруашылығына онан әрі өрге бақтырудың партия белгілеген программасын ойдағыдай орындауға барлық күш-жігерін жұмсайды.

**И. БЕЛЕТЧЕНКО,**  
ҚЛЖО облыстық комитетінің секретары.

дәрігер МТС, қолхоз басшыларының өздері мен бермейді. МТС директоры Супрунов жолдас бұл іске техника күшін бөлмеген. Бірде-бір қолхозда қамыс шабатын арнаулы бригада ұйымдастырылмаған.

Осы МТС қамтылған «Таласкер» қолхозының мал қоралары мүлдем тозып біткен. Қоғамдық малдың нашар жабық талған, суық қораларда тұруы мал шаруашылығына зиянын да тигізіп келеді. Ал қолхоз жерінде мал қоралары құры-

Биров атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері бағалы құрылыс материалдары —қамыс дайындаудың зор маңызы бар екендігін ескере отырып, 2500 текшеметр қамыс дайындауға міндеттенген болатын. Қолхоз басқармасы бұл жұмыс үшін 20 адамнан арнаулы бригада ұйымдастырды. Бригада мүшелері алғашқы 4 күннің ішінде-ақ қолшальғымен 120

## Жамбыл атындағы совхозда

Жамбыл астық совхозында құрылыстық қамыс өсіруісі кең жүргізіліп келеді. Оған ондаған жұмысшылар қатыстырылды. Олар Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен жергілікті Советтердің сайлауы құрметіне өзара социалистік жарысқа түсіп, еңбек өнімділігін мейлінше арттыруда.

Қамыс шабу жұмысында, әсіресе П. Бадинов, С. Жанбосынов жолдастар ерекше еңбектенуде. Олар күнделік тапсырмаларын үнемі біржарым есе етіп, асыра орындап жүр. Бұл екеуі бір ай ішінде

«Ленин туының» дабылынан кейін

## «Трактор жөндеуде жайбарақаттыққа жол берілмесін»

Газетіміздің осы жылғы 16 январьдағы нөмірінде осы тақырыппен жарияланған мақалада Конохов ауданындағы Чистяк және Суворов МТС-терінде трактор жөндеу жұмысы нашар ұйымдастырылып отырғандығы сыналған болатын. Бұл мақала жөнінде аудандық партия комитетінің секретары Макафров жолдас редакцияға мынаны хабарлады:

Газетіміздің 1954 жылғы 12 декабрьдегі нөмірінде «Бір ізбен, бір қолмен» деген тақырыппен фельетон жарияланған болатын. Онда Совет аудандық тұтынушылар одағының және кейбір аудандық мекемелер басшыларының қоймаға түскен татымын заттарды дүкенге түсірмей, өзара бөлісіп алатыны туралы мәселе көтерілген-ді.

Бұл фельетон жөнінде облыстық тұтынушылар одағы басқарма председателінің орынбасары Шеголев жолдас редакцияға

Газетіміздің осы жылғы 18 январьдағы нөмірінде «Малды азықтантыру тәртібі бұрмалануда» деген мақала жарияланған. Онда Полудень ауданының бірінші трактор жөндеу бригадасының жұмысы нашар ұйымдастырылып отырғандығы сыналған болатын. Бұл мақала жөнінде аудандық атқару комитетінің председателі К. Засыпкин жолдас редакцияға мынаны хабарлады:

әлі бастаған да жоқ. Ал қамыс шабуға кірісеті деген қолхоздар соңғы онкүндікте жұмысты мүлдем тоқтатып қойды.

Қолхоздар мен МТС-терде құрылыс үшін қамыс өсіруісі қанағаттанғысыз жүргізіліп отырылғаны аудан басшыларына да мәлім. Бірақ олар бұл кемшіліктерді жоюды МТС, қолхоз басшыларынан әлі де қатаң талап етпей жүр.

**И. ВАСИЛЬЕВ.**

текшеметр қамыс шауып, оны қолхоз орталығына тасып алды. Қамыс дайындау бригаданың Тұрсын Жақеева, Сағындық Мәмбетов, Роберт Шульц, Вика Кунцман сыяқты мүшелері қажырлықпен еңбек етті. Бригада қамыс дайындаудың қарқынын онан әрі өрістетуде.

**Г. БАЛГОЖИН,**  
Присірім ауданы.

3800 бау қамыс шауып, оны баулап совхоз ұсадыбасына тасып әкелді.

Қамыс өсіруісі науқаны совхоздың №3 бөлімшесінде пәрменді жүргізіліп келеді. Бөлімше жоспар бойынша 10 мың текшеметр қамыс дайындауға тиіс еді, қазірдің өзінде бұл жоспар орындалуға жазын.

Совхоз коллективі қамыс өсіруісі тапсырмасын сайлау қарсаңында толық орындап шығуға міндеттеніп отыр.

**Е. СУЛТАНОВ.**

Мақалада аудан көлеміндегі екі МТС-те орын тепкен кемшіліктер дұрыс сыналды. Аудандық партия комитетінің бюросы Чистяк, Суворов МТС-теріндегі трактор және комбайн жөндеудің барысы туралы мәселе қарап, орын алып келген кемшіліктерді жою жөнінде нақтылы шаралар белгіледі.

облыстық тұтынушылар одағының басқармасы бұл жөнінде өзінің мәжілісінде мәселе қарады және фельетонда көрсетілген фактілерді анық деп тапты, деп хабарлады. Совет аудандық тұтынушылар одағының председателі Молчанов пен сауда бөлімінің меңгерушісі Любесток жолдасарға қатаң ескерту жасалған және олардан коллектив мүшелерінің арасында саяси-тәрбие жұмысын жандандырып, совет саудасы принциптерінің бұрмалануына жол бермеуін қамтамасыз ету талап етілген.

Мақалада көрсетілген фактілер анықталды. Жол берілген кемшіліктерді жою жөнінде нақтылы шаралар белгіленіп, оны орындау үшін аудандық активтер қолхозға жіберілді. Қосымша мал азығы сағын алынып, мал фермалары жаңа кадрлармен толықтырылды. Қазір арық малдар жеке бағылып, күтімі жақсартылуда.

К И Н О

„Адалдыққа сын“

...Ертең 1-май! Аспанмен тілдескен зәулім үйлер, көшелерде ағылып жатқан сансыз машина, жүзінде шаттық нұры ойнаған адамдар, шөктем күннің ересіне шаттығына бөленген астана аса бір сұлу болып көрінеді.

Кәсір қала жұртшылығы ынтыға көріп жатқан «Адалдыққа сын» атты фильм ұлы мереке алдындағы Москваның осы бір бөрінісін зрительдің алдына тартумен басталады.

Фильм совет адамдарының игі қасиеттерін: жоғары моральдылығы мен өткізгіштігі мен аса зор адамгершілік сезімдерін баяндайды. Фильм совет адамдарының бай рухани дүниесін, адам еңбегінің ұлылығы мен игілігін, орне жұмысын табы ескі гвардиясының өкілі мен оның советтік жас ұрпағы өкілінің сыйпаттарын өте нағымды және тартымды етіп көрсете алғандығымен бағалы.

Режиссер зрительді героинем бірге шойын құю зауытына да, қыйыр солтүстікке де алып барады. Зритель бұл жерлердің барлығынан да творчестволық еңбекке толы өмірді көреді. Фильмде сол творчестволық еңбек шаттығының қарқынды екілігімен ұшпашып жатқан, кейде жан толқытып, жүрек тебіренетін зиялы сықақ араласқан, кейде қуаныш-шаттыққа толы әсем әндер жиі ұшырайды. Композитор Дунаевский мен акын Матусовский фильмнің сюжетіне, оқиғаның мазмұнына сай зрительдің көңілін еріксіз өзіне аударарлықтай лирикалық әндерді орындай ұсына білген.

Фильмдегі сөз болатын советтік семьяның өкілі есебінде алынған карт мастер Лутониннің семьясында 1-май мерекесінің қарсаңында әртүрлі оқиғалар болады: Ольганы Андрей Калмыков тастап кетеді; Лутониннің кіші қызы Варя жас инженер Игорь Варенцовқа тұрмысқа шығуға ризалығын береді, кейіннен Варенцовтың менмен, өзімізді мансапқор адам екендігі анықталады. Мұның бір де бірі қарттың қайратын мұқалта алмайды. Артист С. Рогоданов совет жұмысшысына ғана тән жақсы қасиеттерді өз бойына дұрыс жый білген: ізденіш, көпті көрген карт мастердің бейнесін зрительдерге нағымды, жан-жақты етіп көрсете алған. Лутонин төңірегінде болып жатқан оқиғаларға байыппен қарайтын адам және өмірге жаңа ғана еіп келе жатқан жастардың қамқор досы, ақылшысы есебінде көрінеді. Біз шойынның жаңа түрін табу жолында ізденіп жүрген қаралайым жұмысшы-мастердің бейнесінен елімізде ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы негізгі айырмашылықтардың біртіндеп жойылып бара жатқандығын айқы көреміз.

Варяның тұрмысқа шығуына байланысты болған семья кеңесінің үстінде Игорьдың ісінің беті ашылады. Бұл жай Егор Кузьмичті қатты тебіренетеді. Міне ұйымшылдығы берік, адал семьяның қатарына жалған махаббаттың пердесін жаптырып, жіпкек болған мансапқор Варя ретінде шеттеп қатмайды, қайта фильмнің мазмұнын толықтыра түседі. Зиялы әзілі, қуаңды мінезімен жұрт назарын үнемі өзіне аударатын Савва Виженгельевич Лутонин семьясының бір мүшесіндей болып көткен.

Фильмдегі басты тұлғаның бірі Ольга Калмыкова — тура мінезді, өршіл ойлы, адал адам. Не бір ауыр сындардан өту үстінде күйбең деген сүйіспеншілігі таза сақтай білген, оған шексіз берілген Ольга таза махаббаттың, совет адамдарына ғана тән шынайы махаббаттың адалы ретінде көрінеді. Артистка М. Мадьяр Ольгаға осы бейнесін, тамаша бай рухани дүниесін қуанышты, қайғылы әндердегі сүйініші мен жүйнішін асқан шеберлікпен нағымды етіп берген.

Варя (артистка Н. Гребенкова), Пета (артист А. Мих.йлов) образдары да тартымды жасалған образдардың бірі. Олар фильмнің басынан аяғына дейін бір-біріне деген сүйіспеншілігін берік сақтай білген адамдар болып бейнеленеді.

Артистер С. Чекан (Вася Жук ролінде), Ю. Медведев (инженер Федор Ерохин ролінде) өздерінің героиларының бойына еңбексүйгіштік, қамқорлық, жақын жолдастары мен достарына деген сүйіспеншілік сыяқты иті қасиеттерді шеберлікпен тәптай білген.

Фильмнің табысты жақтары айта келіп, оның кейбір кемшіліктерден де құр емес екендігін атап айту керек. Мәселен, фильмдегі ірі тұлғаның бірі Андрей Калмыковтың образы (артист Л. Галлиц) сәтті шықпаған. Оның айрылыстар түнгі Ольгамен кездесу кезіндегі күйініші мен толқуы, рухани драмасы тайыз, терең бойламай үстін берілген. Рас, артист Галлиц Андрейдің қыйыр солтүстікке өткен күндерін еске ала келіп, өз қателігін мойындауын бірсыдырғы тәуір көрсете алған. Егер Бронний кешесіндегі үйде тұратын, зрительге бір ғана көрінумен тығатын сыры мәлімсіз ойедді фильмнен алып тастап, Андрейдің Ольгадан айрылысуын басқаша жағдаймен дәлелден көрсетсе, бәзінше фильмнің құндылығына ешқандай нұқсан келмей, қайта солғын ныққан Андрейдің образы толығыра түскен болар еді.

Зрительдерді риза қылмайтын образдардың бірі артист Н. Тимофеевтің орындауындағы ұшығып Алексей Бобровтың образы. Сценарийді жазушылар Алексейдің образын Ольга мен Андрей аралындағы тартысты шиеленістіре түсу мақсатымен алған болуы керек. Бірақ бұл мақсат та оқталмай қалған. Алексей болып жатқан оқиғаларға белсене араласпай, бақылаушы ретінде ғана көрінеді. Алексей үшін айтуар бір іс тауып берудің мақсатымен фильмнің авторлары оны ең азырынша Англияға (артистка З. Руднева) үйлендіре салады.

Фильмнің соңында Агния Алексеева тұрмысқа шығып, Ольга қыйыр солтүстікке баруына Варяның жас көздерінен көрінгені.

Фильмнің соңында Агния Алексеева тұрмысқа шығып, Ольга қыйыр солтүстікке баруына Варяның жас көздерінен көрінгені.

Октябрь ауданында ОЗАТ САУЫНШЫЛАР

Октябрь ауданындағы «Интернационал» колхозының басқармасы жақында алдыңғы қатарлы мал өсірушілерге қосымша ақы төледі. Жылдың қорытындысында, әсіресе сауыншы Анастасия Пигускова жолдастың еңбегі ерекше көзге түсті. Ол қарауындағы 13 сыйырдың әрқайсысынан 1400 литр орнына, 1620 литрден сүт алған. Сонымен бірге Петушкова жолдас 13 бұзауды шығынсыз өсіріп отарға қосқан. Озат сауыншының еңбегі жоғары бағаланды. Ол қосымша еңбекақыға 420 литр сүт алды. Мұндай көрсеткішке сауыншы Ақық Жайлау баева жолдас та не болды.

Колхоз сауыншылары үстіміздегі жылы әрбір сауын сыйырдан 1800 литрден сүт алуға, әрбір сыйырдан бір-бір бұзау алуға міндеттенді.

ӘРБІР СЫЙЫРДАН 1841

ЛИТР СҮТ

Акулина Фадина жолдас «Гигант» колхозы колхозшыларының зор құрметіне бөленген. Ол қарамағындағы 12 сыйырдың әрқайсысынан 1600 литр орнына, 1841 литр сүт алып, 12 бұзауды 6 айлық мерзімге дейін шығынсыз өсіріп, табына қосты.

Құрметке бөленген сауыншы үстіміздегі жылы әрбір сыйырдан алынатын сүттің мөлшерін 2 мың литрге жеткізу үшін сыйырларды азықтандыру, күту жұмысын зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сәйкес жүргізуде. Ол бұл күндері сыйырларды тәулігіне үш рет азықтандырып, үш рет суарады. Сауын сыйырларды күнде үш мезгіл сауады.

13 МЕГЕЖІННЕН 248

ТОРАЙ

Өткен жылы «Трудовик» колхозында алдыңғы қатарлы мал өсірушілердің саны көбейе түсті. Солардың бірі — шошқа күтуші Анна Замиралова жолдас. Ол 13 мегежіннен 248 торай алып, оларды екі айлық мерзімге дейін аман өсірді.

Замиралова жолдас быыл да осындай көрсеткішке жетпек. Ол бұл үшін кәзіргі уақытта мегежіндерді күту ісін жақсартуда және торайларды алуға тыңғылықты әзірленуде.

ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНГЕН

БҰЗАУШЫ

Мал қорғау өсеті — дейді

ССРО мен ҚХР арасында достық, одақ және өзара көмек жөніндегі Договордың бесжылдығы ПЕКИНДЕГІ САЛТАНАТТЫ МӘЖЛІС

ПЕКИН, 13 февраль. (СОТА). Бүгін Пекинде ССРО мен Қытай Халық Республикасы арасында достық, одақ және өзара көмек жөніндегі Договордың қол қойылған күніне 5 жыл толуға арналған салтанатты мәжіліс болды.

Қытай Халық Республикасының және ССРО-ның Мемлекеттік жауаптарымен белендірілген Луайжяньтан заңында қоғамдық ұйымдардың, асрманың мәдени топтарының, Пекин кәсіпорындарының жұмысшылары мен қызметшілерінің өкілдері жыйналды.

Жыйналарандардың ұзақ қолшапақтауымен қытай-совет достығы қоғамы орталық басқармасының председателі Сун Цин-лин, Халық өкілдерінің Бүкілқытайлық Жыйналысы Тұрақты комитетінің председателі Лю Шао-ци, Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Советінің премьері Чжоу Энь-лай, қытай-совет достығы қоғамының орталық басқармасы председателінің орынбасарлары Лиань Бо-цзюй, Го Мо-жо, Ли Цзи-шень және қоғамның басқа да басшы қайраткерлері, Пекинің мэрі Пын Чжэнь, ССРО-ның Қы

тай Халық Республикасындағы Уақытша елшісі Я. М. Ломакин және басқалары президентумнан орын алды.

Салтанатты жыйналысты Го Мо-жо ашты. Ол былай деп атап көрсетті: Қытай және Совет Одағы халықтарының терең достығы және тығыз тонтасқандығы Қытай және Совет халықтарының экономикасы мен мәдениетін арттыруға ғана жәрдемдесіп қойған жоқ, сонымен бірге бейбітшілік, демократия және социализм лагерін нығайтты, Қыйыр Шығыста және бүкіл әулие жүзінде бейбітшілікті нығайту ісіне қолынан ірі үлес болып табылды.

Го Мо-жонның кәріспе сөзінен кейін Қытай Халық Республикасының және ССРО-ның Мемлекеттік Гимндері ойналды.

Достық, одақ және өзара көмек жөніндегі совет-қытай Договорының бесжылдығы туралы Сун Цин-лин баяндама жасады. ССРО-ның Қытай Халық Республикасындағы Уақытша елшісі Я. М. Ломакин сөз сөйледі.

Салтанатты жыйналыстың соңында жыйналысқа қатысушылар үшін үлкен концерт берілді.

Совет Армиясының Будапешті азат етуінің 10 жылдығына байланысты салтанатты мәжіліс

БУДАПЕШТ, 13 февраль. (СОТА). Бүгін мұнда Венгер еңбекшілер партиясы қалалық комитетінің, Қалалық советтің және Отандық халық майданының Будапешт комитетінің Совет Армиясының Будапешті азат етуінің 10 жылдығына арналған салтанатты мәжілісі болды.

Мәжіліске Венгер еңбекшілері партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Матиас Ракоши, Венгер еңбекшілер партиясы Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелері, үкімет мүшелері, сондай-ақ ССРО-ның Венгриядағы елшілігінің өкілдері қатысты.

Совет Армиясының Будапешті азат етуінің 10 жылдығы туралы Венгер еңбекшілер партиясы Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі, Венгер Халық

Республикасы Министрлер Советі председателінің орынбасары Ингван Хидан баяндама жасады.

Ізгі ниетті венгер халқы, деді ол өз Отанының астанасын Совет Армиясының ержүрек жауынгерлері азат еткендігін ешқандай да ұмытпайды. Будапештің тұрғын халқы жаңа өмірге бастайтын жолға, халықтық демократияның жеңімпаз жолына түсуі мүмкін болғаны үшін біз оларға борынтымыз. Будапешті азат етудің 10 жылдығы қуанышты ұлттық мереке ғана емес, сонымен бірге мәңгілік венгер-совет достығының да мерекесі болып табылады.

Салтанатты бөлменен кейін концерт болды. Оған Будапешт театрларының таңдаулы күштері қатысты.

Батыс Германияны қаруландыруға қарсы күрес апталығы

ПАРИЖ, 14 февраль. (СОТА). Бүгін Францияда бейбітшілікті қорғаудың Ұлттық советінің шақыруы бойынша француз халқының Германияны қаруландыруға қарсы күрес апталығы басталды. Бейбітшілікті қорғаудың Ұлттық советі барлық француздарды соғыс құрбандықтарының ескерткіштері жанында манифестациялар мен митингілер ұйымдастыру және Батыс Германияны қаруландыру саясатын жүргізуден бас тартатындай, келіссөздер жүргізу және қалыптасқан хауіпсіздік системасын құру негізінде Европада бейбітшілікті қамтамасыз ету идеясын қолдайтындай үміт

құрылуын талап етуге шақырды.

Германияны қаруландыруға қарсы күрес апталығы таяуағы күндері республика советінде Париж келісімдерін бекіту жөніндегі мәселе бойынша айтыстардың басталуына байланысты ерекше маңыз алып отыр.

Республика советінің мүшесі Рейнуар. «Юманите» газетінің хабар еткеніндей, Риом қаласының (Шю-де-Дом департаменті) еңбекшілері делегациясына өзіннің Париж келісімдеріне қарсы лауыс беретіндігін мәлімдеген. Осы сыяқты мәлімдемені республика советінің мүшесі Жак Боззи де (социалист) жасаған.

БАТЫС ГЕРМАНИЯДА ПАРИЖ КЕЛІСІМДЕРІНЕ ҚАРСЫ ҚОЛ ҚОЙДЫРУ

ТААУ ШЫҒЫСТА АҒЫЛШЫН-АМЕРИКАН ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ

ЛОНДОН, 12 февраль. (СОТА). «Ағылшын ықпалының» дәстүрлі ауданы деп саналып келген Таау Шығыстан Англияны-ығыстырып шығаруға — бағытталған АҚШ-тың саясаты ағылшын саяси топтарының ызаасын келтіруде. Ағылшын баспасөзі Таау Шығыс елдерінде американдықтардың тімсікілеушіліктерін жиі-жиі әшкерелеп отыр. Мәселен, «Нью Стэйтмен энд нейшн» апталық журналы Таау Шығыстағы соңғы кездегі соғыс одағын жасау жайындағы түрлі-проя келісімге байланысты оқиғаларды сыйпаттай келе, АҚШ-тың мемлекеттік департаментін бұл келісімнің бастаушысы және ұйымдастырушысы ретінде әшкереледі. Араб елдері лигасының мүшелері болып табылатын елдер арасындағы елеулі алауыздақтарға тоқтала келіп, журнал практикада лигалап шығып қалуы, шын мәнінде АҚШ-тың ағылшын мүдделеріне жаңа шабуыл жасауы болып табылады деп мойындауға мәжбүр болды. «Мемлекеттік департамент, деп жазады журнал, Орта Шығыста екінші жеріске не болды. —Англияны жеңді. Американдықтар иран проблемасын өздері қанағаттанарлықтай «реттегеннен» кейін олар Иракты араб елдері лигасынан бөліп алып, оны соғыс одақтастарының жаңа тобымен байланыстырды».

Апталық былай деп мойындайды: Америка Құрама Штаттары жасап жатқан «солтүстік қорғаныс ярусы» дейтін, яғни мұның құрамына Түркияны, Иранды, Иракты және Пакистанды енгізуге көзделіп отырған соғыс тобы Совет Одағына қарсы «сәйкестік» базаларының шеңберін» құру мақсатын көздейді.

«Нью Стэйтмен энд нейшн» былай деп мәлімдейді: «Судан мен Суецтен ағылшындықтар кеткеннен кейінгі пайда болған вакуум ағылшындықтар ойлағандай Лондонның қолдауымен және қостыумен жүргізілетін араб саясатымен емес, қайта американдық қуаттылығының ашықтан-ашық нығайтуымен толықтырылатындығы» көздің өзінде мүлдем айқын болып отыр.

«1945 жылы, — деп жазады апталық журнал, —Англия, Францияны екінші қатарға шығарып еді. Ал кәзір біз Франциямен қатар отырмыз, ал Құрама Штаттары рульді өз қолдарында ұстай отыр».

РЕСПУБЛИКА КУБОГІН АЛУ ҮШІН ХОККЕЙ ЖАРЫСЫ БАСТАЛДЫ

Кеше қаладағы «Динамо» стадионында Қазақ ССР-нің 1955 жылғы допты хоккей бойынша бірінші орнын алу жарысы басталды. Жарыс осы жылдың 25 февраліне дейін созылады. Хоккей жарысына Социалистік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарының ерлікті спорт қорамдарының хокейшілері қатысуда.

Допты хоккей жарысы «Динамо» стадионында, жарысқа қатысушылардың нағдымен басталды. Спортшылардың парадын еңбекшілер депутаттары облыстық Совет атқамы председателінің орынбасары

Егор Кузьмич тұр. Игорь туралы бұрыннан сөзін алып жүрген күдікті ойынның аяқтығына жетіп жеткен Лутоиннің нақ осы көріністері ашулы бейнесін артист Романов аса бір шеберлікпен көрсете алған.

Лутоиннің жақын серігі, айрылмас досы қарт бухгалтер Тава Викентьевич Рязанов (артист В. Топорков) үлкен рухани сезімнің жылылық пен сезімталдықтың адамы болып көрінеді. Бір семьяның төңірегіндегі оқылғаны ғана баяндайтын фильмде ол оқылғаны тыс, бөтен адам

Сценарий И. Пырьев пен ағайынды Турдин, режиссері Иван Пырьев. Музыкасын жазған композитор И. Дунаевский. 1954 жылы Ленин орденді «Мосфильм» киностудиясы жасап шығарған.

көпші, Егор Кузьмич жалғыз қалған екендігі болады. Бірақ ол жалғыз емес, ауыр сындардан сүрілмей өтіп, рухани таазалығын, махаббатын саяқтай білген балаларын мақтанып етеді.

Лутоиннің бұлай етуге правоты екендігін фильмді жасаушылар зрительдерге заңды және нағымды етіп баяндап бере алған. Бүкіл совет адамдарының бір ұлы семьяна бірлескендігін, сол семьяның—сүйікті Отанының абройы мен даңқы үшін қажырлылықпен еңбек ететіндігін көрсетіп беру фильмнің ең құнды жақтарының бірі. Бұл міндет дұрыс шешілгендіктен зрительдер де оны қызығу көруде.

Ж. МУСИН.

Мұғалімдер институтының оқытушысы.

Чапаев атындағы колхоздың оқу заушысы Ульяна Гайгородская жолдас. Оның мұнысы өте орынды. Олай дейіміз Гайгородская жолдасының өзі соңғы жылдардың ішінде жүздеген малды төлден өсіріп, отарға қосты. Тек өткен жылы ғана 35 бұзаудың бірде-бірін шығынға ұшыратпай, 6 айлық мерзімге дейін зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сәйкес күте білді.

Гайгородская жолдас бұзауларды шығынсыз өсіргені үшін қосымша еңбекақына бір бұзау алды. Сонымен бірге ол Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысты.

агенттігінің хабарлауына қарағанда, Дортмундтың 105.000 тұрғын халқы 29 январьда Майндағы Франкфуртте өткізілген митингте қабылданған манифестке қол қойған. Манифесте Париж келісімдерін бекітудің орнына, герман мәселесі

### АМЕРИКАН САМОЛЕТТЕРІНІҢ ҚХР-ДІҢ ӘУЕ ШЕКАРАЛАРЫН БҮЗУЫ

ПЕКИН, 12 февраль. (СОТА). Синьхуа агенттігі былай деп хабарлайды:

11 февральда таңертең 4 американ самолёты Ляонин провинциясының (Солтүстік-Шығыс Қытай) жағалауларында Қытайдың әуе кеңістігіне өтіп кеткен. Оларды Қытай Халықазаттық армиясының самолёттері қуып жіберді.

Мұнда былай деп көрсетілуде: АҚШ

леді. Батыс Германияда Германияның социал-демократиялық партиясы шығарған қарар бойынша бұл манифестке қол қойыру 20 февральға дейін созылады.

қытай халқына қарсы сөйле арандатушылықтарын күшейтіп отыр. Мұның өзі Қытайдың суверенитетін өрескел бұзғандық болып табылады. Егер американдықтар қытай жағының үнемі ескертулеріне қарамастан мұндай арандатушылық әрекеттерді оған әрі жүргізе берсе, мұның салдарынан туатын жағдайға олар толығымен жауап беретін болады.

кейін Қазақстан КП облыстық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі П. Егоров жолдас ерікті спорт қоғамдарының хоккейшілерін жарыстың ашылуы мен құттықтады.

Спортшылар параднан кейін стадионның мұз айдынында Солтүстік Қазақстан облысының «Локомотив» ерікті спорт қоғамының командасы мен Шығыс Қазақстан облысының «Стрелок» ерікті спорт қоғамының хоккейшілері кездесті. Бұдан кейін осы стадионның мұз айдынында Батыс Қазақстан және Қарағанды облыстары хоккейшілерінің кездесуі болды.

Редактордың орынбасары

Г. НУРМОЛДИН.

## „Комсомолка“ тігін фабрикасының жұмысын шұғыл жақсарту көзек

Мәдени-тұрмыс дәрежесі жақсарып, тұтыну талаптары күн сайын өсіп отыратын халқымыз фабриканың, кәсіпшілік артельдердің қызметкерлерінен көпшілік тұтынатын товарлардың мол өндірілуін және оның берік, сәнді болуын талап етеді. Бұл талапты ойдағыдай орындау үшін біздің қаладағы кәсіпорындарында мүмкіншілік жеткілікті. Демек, біздің қалада жаңа күрделі техника мен шикізат қоры аз емес. Өңіміз, тек қолда бар осы күш-мүмкіншіліктерді іске сарқа пайдалану үшін жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлердің ынта-жігерін арттырып, творчестволық инициативасын кеңінен өрістетуде болып отыр.

Қала кәсіпорындарының кейбірінде өнім шығару және оның ассортиментін көбейту ісі әлі де болса тиісті дәрежеде болмай келеді. Мұндай кәсіпорындарының қатарына «Комсомолка» тігін фабрикасы қосыла алады. Бұл фабрика өткен жылы мемлекеттік тапсырманы орындай алмай, тұтынушылар алдында борынты болып қалды. 1954 жылы жалпы өнім шығаруының жылдық программасы 95,3 процент, ал товарлы өнім шығару 92,4 процент қана орындалды. Фабрикада 30 түрлі өнім шығару жоспарланған болса, содан 21 түрлі өнімнің жылдық жоспары орындалмағаны жоқ. Әресе, мұнда мектеп жасындағы және мектеп жасына дейінгі балалар киімдерін, әйелдер мен ерлердің көйлектерін, балалар яслине қажетті бұйымдарды өндіру мүлдем жеткіліксіз болды.

Фабрикада шығарылып жүрген бұйымдардың сапасы көзгі талаптарға сай емес. Сондықтан да көп бұйымдар көбіне төменгі сортқа түсіріледі, немесе олар қайтадан өңдеуге беріледі. Осының салдарынан фабрика 14100 сом зыян шекті.

Бұл фабрикадағы ерекше кеңіл бөлетін бір жағдай, ондағы жұмысшылардың басым көпшілігі жастар. Осыған байла-

нысты жастар арасындағы саяси-тәрбие жұмысына және олардың өндірістік мажандығын арттыру жұмысына айрықша көңіл бөлінуі керек еді. Бұл іске фабрика директоры Миненкова, бас инженер Храпунова жолдасар көңіл бөлмеді. Фабрикада жас жұмысшылардың мамандықтарын арттыратын күрес, болмаса техникалық оқу ұйымдастырылмады. Міне, осының барлығы фабрикада өнімнің сапасыз шығарылуына, айлық тапсырмалардың орындалмай қалуына негізгі себеп болып жүр.

Еліміздің халық тұтынатын бұйымдар шығаратын фабрикалары мен заводтарында озаттар көптеп саналады. Ондай озаттар осы фабриканың өзінде де бар. Мәселен Махмо, Руденко және Мухина жолдасар өндірістік тапсырмаларын өкі-үш есеге дейін асыра орындап, жоғары сапалы өнім беріп жүр. Амаз қанша, осылардай озаттардың іс үлгілері кеңінен таратылмай, қолдау таппай келеді. Цехтарда социалистік жарыс формальді түрде ғана ұйымдастырылған. Онда қабылданған міндеттемелердің орындалуы уақтылы тексерілмейді.

Еңбек өнімділігін еселеп арттыруға және өнім сапасын жақсартуға, өзіндік құнды кеміту үшін рационализаторлық ұсыныстар жасап, өндіріске батыл енгізудің маңызы аса зор. Жұмыстың бұл саласында да фабрикада ойсыраған оқылдықтарға жол беріліп келеді. Мұндағы ұйымдастырылған рационализаторлар советі күні бүгінге дейін жаналық тапқыш өндіріс озаттарымен тығыз байланыс жасап, оларға күнбе-күнгі басшылық және көмек көрсете алмай келеді. Рационализаторлар советі өткен жылда өндіріс озаттарының ойлап тапқан 8 жаңалық ұсынысының тек төртеуін ғана өндіріске енгізді. Ал жоспарда белгіленген жеті ұйымдық-техникалық шаралардың небары үшеуі ғана жүзеге асырылды.

«Комсомолка» тігін фабрикасының бас-

шылары партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары фабрикада түпкілікті жұмыс істейтін маман кадрларды көбейтіп, оларды тәрбиелеу жұмысына әлі де болса ерекше назар аудармай келеді. Мәселен өткен 1954 жылда әртүрлі себептермен фабрикадан 221 адам жұмыстан шығарылды. Фабрика басшылары кездесіп отырған осындай зор кемшіліктерді дереу жоюға, жұмысшылар мен қызметкерлерге материалдық-тұрмыстық жағдайлар жасап, үнемі қамқорлық көрсетіп отыруға тиіс.

Бұл кәсіпорында еңбек тәртібі нашар ұйымдастырылған. Мұнда кейбір тігінші мастерлер, тағы басқа да жұмысшылар жұмысқа кеш келіп, ерте кетуді ежелгі дағдыға айналдырған. Өткен жылда жұмыстан кешігіп келгендігі үшін ғана 4 адам жұмыстан шығарылған. Өздеріне міндеттелген өндіріс тапсырмаларын орындамай, еңбек тәртібін тікелей бұзып жүрген жұмысшыларға қарсы күрес әлі де болса нашар жүргізіліп келеді.

Фабрикада жұмсалатын материалдар мен шикізаттарды үнемдеу жұмысы да нашар жүргізілді. Мәселен тек жұмысшыларға төленетін еңбекақы фондасынан 194 мың сом, цехтарға жұмсалатын қаржыдан 80 мың сом және жалпы фабрикалық түрлі жұмыстарға 698 мың сом мемлекет қаржысы, белгіленген жоспардан артық жұмсалды. Осының ішінен бөлінген өндіріс товарларын уақтылы алмағаны үшін айып және төменгі сортқа түсірілген товарлар үшін де фабрика 491 мың сом төлем бөледі. Фабрика басшыларының өндіріс жұмыстарын нашар ұйымдастырып, өздеріне міндеттелген тапсырмаларды мүлтіксіз орындауға немқетті қарауының салдарынан тек 1954 жылдың өзінде 1,5 миллион сомнан астам мемлекет қаржысы жоспардағыдан артық жұмсалды.

«Комсомолка» тігін фабрикасының партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары өткен жылдағы кездескен кемшіліктерді дереу жойып, жаңа жылда өзгене қорқымен еңбектенуі керек еді. Бірақ, істің жайы көрініпше болып отыр. Январ айына жоспарланған өндірістік программа небары өнімнің екі-ақ түрі бойынша

орындады. Фабриканың ең ірі цехтарының бірі—№3 цехтағы Кононенко жолдас басқаратын бригада айлық өндірістік тапсырманы 37,9 процент, ал бұған басқаратын бригада 42 процентке ғана орындады. Цехтың мұншама артта қалуына фабриканың материалдар және шикізаттармен жабдықтайтын орындарда кінәлі. Өйткені олар орындар фабриканы уақтылы керек заттарымен жабдықтап отырмайды. Мәселен №3 цехтың кейбір материалдардың жоқтығына өткен январь айында жұмыссыз бес тұруы жиі кездесті.

1955 жылда «Комсомолка» тігін фабрикасының алдына қойылатын талаптар бұрынғыдан да күрделі. Фабрика коллективі үстеміздегі жылы өнім шығаруды өткен жылғымен салыстырғанда 25 процентке дейін арттырмақ. Өнімнің сапасын жақсарту түсумен бірге, өзінің құнын мейлінше көп кемітуге тиіс. Сондай-ақ, үстеміздегі жылы өнімнің жаңа түрлері—мектеп жасындағы балаларға формалы киімдер, тағы басқа та өлгерің және әйелдердің жаңа модалы киімдерін тігін шығаруға міндетті. Ол үшін мұнда еңбек ететін барлық жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер өндірісте күні бүгінге дейін пайдаланылмай келген резервтер мен ішкі мүмкіншіліктерді тауып, оларды толығымен есептеп, іске қосулары қажет.

Фабриканың басшылары, партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары өткен жылда кездескен жоғарыда айтылғандай зор кемшіліктерден тиісті қорығынды шығарып, ол кемшіліктерді үстеміздегі жылы кездестірмеудің нақтылы шараларын белгілеп іске асыруға тиіс. Сөйтіп, Москва қаласының алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының СССР-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын аяқтап шығуға шақырған патриоттық бастамаларына нақтылы іспен жауап беру, Советтердің сайлауы күніне өндірістік жаңа табыстармен келу жолындағы социалистік жарысты барған сайын пәрмендете жүргізулері керек.

А. ЖУНОВСКИЙ,

И. ГУСТОВ.

көмесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-66, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39; газет



«УДАРНИК» кинотеатрында

«ҚОРЫҚҚАНЫ ҮШІН ТӨЛЕМ»

Сеанстар күндізгі сағат 3-20, 5, 6-40; 8-20 және 10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ФРИГЕ ЖҮЛДЫЗДАРЫНЫҢ АСТЫНДА»

Сеанстар сағат 3, 5, 7, 9 және 11-де басталады.

Петропавлдағы аутомобил клуб ақша төлеп оқу үшін 3-класс шоферларын, машина жүргізумен әуестенуші, шоферлар және мотоциклистер даярлайтын курстарға оқушылар қабылдайды, сол сыяқты 3-класс шоферларын 2-класс шоферлары етіп қайта даярлау жөнінде автомобиль шаруашылықтарымен шарт жасасайды.

Оқуға қабылдау тәртібі жөнінде Лягерь көшесі, 10-үйге келіп немесе 4-69 телефон арқылы түсінік алуға болады.

Петропавлдың спирт комбинатына шоферлар, кочеварлар, үй күтуші қызметшілер және жүк тиеушілер керек.

Жұмысқа қабылдау тәртібі туралы комбинаттың кадр бөлімінен түсінік алуға болады.

№20 қолөнер училищесіне түпкілікті жұмысқа тәжірибелі секретарь-машинистка, үй күтуші керек. Еңбекақы смета бойынша төленеді.

Адрес: Петропавл қаласы, Пушкин көшесі, 83-үй.

Солтүстік Қазақстан облыстық кинопрокат облыс экрандарында «АСЫҒЫС ХАТ» деген көркемсуретті жаңа фильм көрсете бастайды.

Фильмді Шаяхай киностудиясы 1953 жылы жасап шығарған.

Солтүстік Қазақстан облыстық кинопрокат облыс экрандарында «ХАУШПІ ЖҮК» деген көркемсуретті жаңа фильм көрсете бастайды.

Фильмді «Дефа» киностудиясы 1954 жылы жасап шығарған.

Солтүстік Қазақстан облыстық кинопрокат облыс экрандарында «ФРИГЕ ЖҮЛДЫЗДАРЫНЫҢ АСТЫНДА» деген көркемсуретті жаңа фильм көрсете бастайды.

Фильмді Лодзидегі көркемсуретті фильмдер студиясы 1954 жылы шығарған.

Солтүстік Қазақстан облыстық кинопрокат облыс экрандарында «ЭРНСТ ТЕЛЬМАН—ӨЗ ТАБЫНЫҢ ҰЛЫ» деген көркемсуретті жаңа фильм көрсете бастайды.

Фильмді «Дефа» киностудиясы жасап шығарған.

Чита облысы, Даурия селосында тұрушы Виктор Никифорович Кондрашон Петропавл қаласы, 1-полоса көшесі, 11-үйде тұрушы Екатерина Афанасевна Кондрашовадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, баспасы —5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет тұрмыс,

УШ 00437

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының №18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.